

**Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты, қылмыстық істерді, оларды тергеу және прокурорлық қадағалау нәтижелерін бірыңғай, соның ішінде электрондық форматта карточкалық есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 7 тамыздағы № 80 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 11 қыркүйекте № 9730 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 Бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас прокурорының 2014.09.19 № 89 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

*Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !*

*Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз.*

Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты, қылмыстық істерді, оларды тергеу, прокурорлық қадағалау және сотта қарау нәтижелерін бірыңғай, соның ішінде электрондық форматта карточкалық есепке алуды жүргізуді одан әрі жетілдіру мақсатында, «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «Прокуратура туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес қоса берілген Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты, қылмыстық істерді, оларды тергеу және прокурорлық қадағалау нәтижелерін бірыңғай, соның ішінде электрондық форматта карточкалық есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) осы бұйрықты ж о л д а с ы н :

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу ү ш і н ;

2) мүдделі құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне мәлімет және қызметте пайдалану үшін, Қазақстан Республикасы Бас

прокуратурасының мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне, Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жіберсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры *А. Дауылбаев*

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2014 жылғы 8 шілдедегі  
№ 80 бұйрығына  
1-қосымша

**Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және**

**өзге де ақпаратты, қылмыстық істерді, оларды тергеу және прокурорлық**

**қадағалау нәтижелерін бірыңғай, соның ішінде электрондық форматта**

**карточкалық есепке алуды жүргізу жөніндегі**

## **НҰСҚАУЛЫҚ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты, қылмыстық істерді, оларды тергеу және прокурорлық қадағалау нәтижелерін бірыңғай, соның ішінде электрондық форматта карточкалық есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) қылмыстар, оқиғалар, олардың субъектілері туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты, қылмыстық істерді, олар бойынша қылмыстық істерді қозғаудан бас тарту туралы қаулылар шығарылған материалдарды, тергеуді жүзеге асыруды және оларды прокурорлық қадағалау нәтижелерін бірыңғай, соның ішінде электрондық форматта карточкалық есепке

алуды жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары (бұдан әрі – уәкілетті орган) есепке алуды Комитеттің Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйесінде (бұдан әрі – ББСЖ) ақпараттық есепке алу құжаттарының (бұдан әрі – карточкалар) көмегімен жүргізеді.

3. Осы Нұсқаулыққа сәйкес, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері ретінде (бұдан әрі – субъект) қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, прокурорлар және соттар танылады.

## **2. Карточкалардың нысандары**

4. Қылмыстық-құқықтық статистиканы қалыптастыру карточкалардың мынадай нысандарының негізінде жүзеге асырылады:

1) осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес «Қылмыс, оқиға туралы өтінішті, хабарламаны және өзге де ақпаратты есепке алу карточкасы» ЗС-1 нысаны (бұдан әрі - ЗС-1 нысанды карточка);

2) осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес «Қылмыс туралы тіркелген өтініш, хабарлама бойынша шешімді есепке алу карточкасы» ЗС-2 нысаны (бұдан әрі - ЗС-2 нысанды карточка);

3) осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес «Қылмысты есепке алу карточкасы» 1.0 нысаны (бұдан әрі – 1.0 нысанды карточка);

4) осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес «Алдын ала тергеу (анықтау) барысы және нәтижесі туралы карточка» 1.1 нысаны (бұдан әрі – 1.1 нысанды карточка);

5) осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес «Қылмыс жасаған адамға арналған карточка» 2.0 нысаны (бұдан әрі – 2.0 нысанды карточка);

6) осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасына сәйкес «Сезікті, айыпталушы, ұсталған немесе тұтқындалған адамға арналған карточка» 2.1 нысаны (бұдан әрі – 2.1 нысанды карточка);

7) осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес «Тұтқындау, үйде қамап ұстау бұлтартпау шараларын таңдау туралы, тұтқындау, үйде қамап ұстау мерзімін ұзарту, күшін жою, өзгерту, соттың санкциясына шағымдану және наразылық білдіру туралы қолдау хаттарды сотта қарау жөніндегі карточка» 2.2 нысаны (бұдан әрі – 2.2 нысанды карточка);

8) осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасына сәйкес «Қылмыстық іс бойынша прокурордың шешімі туралы карточка» 3.0 нысаны (бұдан әрі – 3.0 нысанды карточка);

9) осы Нұсқаулықтың 9-қосымшасына сәйкес «Прокурордың тергеу мен анықтау заңдылығын қадағалау бойынша жұмысы туралы карточка» 3.1 нысаны (бұдан әрі – 3.1 нысанды карточка);

10) осы Нұсқаулықтың 10-қосымшасына сәйкес «Алып қойылған және жойылған есірткі заттарды, психотроптық немесе улы заттарды, прекурсорларды және құрамында есірткі заттары бар өсімдіктердің өсу алқаптарын есепке алу карточкасы» 1-Н нысаны (бұдан әрі – 1-Н нысанды карточка).

### **3. Карточкаларды есепке қоюдың жалпы қағидалары**

5. Субъектілер карточкаларды электрондық немесе қағаз форматта ұсынады.

Субъектілер іс жүргізу шешімін қабылдаған кезде ББСЖ-ге тиісті карточкалар енгізіледі (1.0, 1.1, 2.0, 2.1, 2.2, 3.0 және 3.1 нысандары), оның түпнұсқалылығы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - ҚР ҚІЖК) талаптарына сәйкес өз құзыретінің шегінде сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудің, анықтаудың және тергеудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыратын прокурорға бір уақытта мәлімдеп, электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) қою арқылы р а с т а л а д ы .

Карточкаларға қол қою өкілеттілігі бар прокурор қылмыстық істі немесе ҚР ҚІЖК талаптарына сәйкес қабылданған іс жүргізу шешімі туралы хабарламаны алған кезде карточканың деректемелерін толтыру толықтығын және дұрыстығын тексеріп, ЭЦҚ қою арқылы ол келіп түскен күні оған қол қояды.

Прокурорлар қабылдайтын шешімдер бойынша карточкаларға қол қою құқығына Бас прокуратура Департаменттерінің басшылары, облыс, аудан прокурорлары және оларға теңестірілгендер, сондай-ақ олардың орынбасарлары, барлық қалған АЕҚ-ке – қадағалаушы прокурорлар (барлық деңгейлердегі прокурорлардың көмекшілері, аға көмекшілері, прокуратура бөлімдерінің және басқармаларының прокурорлары, аға прокурорлары, прокуратура бөлімдерінің және басқармаларының басшылары және олардың орынбасарлары) ие болады.

6. Карточкалардың деректемелері қылмыс туралы өтініш, хабарлама бойынша материалдарға, қылмыстық іске толық сәйкестікпен толтырылады.

7. Адамдар жөніндегі сауалнамалық деректер бойынша карточкалардың деректемелері (тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы) жеке басын куәландыратын құжаттардың негізінде толтырылады.

8. Карточкаларға қол, соның ішінде ЭЦҚ қойған тұлғалар олардың толық және дұрыс болуы, сондай-ақ оларды уәкілетті органға уақтылы ұсыну үшін ж а у а п т ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Сотта қаралған жеке айыптау істерін есепке алу Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінен (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) «Қазақстан Республикасы сот органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі» (бұдан әрі – ҚР СО БААТЖ) арқылы ББСЖ-ға XML форматында тасымалданатын, қылмыстық істер бойынша электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының негізінде (бұдан әрі – ЭАЕҚ) жүзеге асырылады.

Соттар жеке айыптау істері бойынша ЭАЕҚ-ты электрондық форматта жіберген кезде заңды күшіне енген сот үкімінің (қаулысының) электрондық көшірмесін жалғау жүзеге асырылады. Жеке айыптау істері заңды күшіне енген үкімдер бойынша есепке алынады.

9. Электрондық форматта ұсынылған карточкаларды қоспағанда, субъектілер ұсынған карточкалар уәкілетті органның кеңсесінде тіркеледі және бір тәулік ішінде ББСЖ-ға енгізуге жатады.

Осындай карточкаларды ББСЖ-ға уақтылы енгізуді тиісті уәкілетті органның бастығы қамтамасыз етеді.

Техникалық себептермен осы Нұсқаулықта белгіленген мерзімде карточкаларды электрондық форматта енгізу мүмкіндігі болмаған жағдайда карточкаларды қағаз тасымалдаушыда шығару қамтамасыз етіледі.

10. Қағаз жүзіндегі карточкалар уәкілетті органға өтініш тіркелген немесе іс жүргізу шешімі қабылданған сәттен бастап бір тәулік ішінде ұсынылады, сондай-ақ аталған мерзімде электрондық форматта ББСЖ-ға енгізіледі.

Егер мерзімнің аяқталуы жұмыс істемейтін (демалыс, мерекелік) күнге келген болса, онда мерзімнің соңғы күні ретінде одан кейінгі бірінші жұмыс күні танылады.

11. Тиісті түрде ресімделмеген, сондай-ақ тазартулары, түзетулері және өзге өзгертулері бар қағаз тасымалдағыштағы карточкалар қабылданбайды. Ондай карточкалар қадағалаушы прокурорды хабарландыра отырып, келіп түскен күні ілеспе хатпен қылмыстық қудалау органына қайтаруға жатады. Карточкалар қылмыстық қудалау органына келіп түскен сәттен бастап бір тәулік ішінде қайта ұсынылуы тиіс.

Қадағалаушы прокурордың карточка реквизиттерін қате толтыру негізі бойынша оларды прокурорлардың өзі түзете алған жағдайда электронды карточкаға қол қоюдан бас тартуға құқығы болмайды.

Ескерту: прокурорлар 1.1 нысанды карточканың 26-30 реквизиттерінен басқа карточкалар реквизиттерін түзетуге құқылы.

Субъектілер ББСЖ-ға енгізген карточка прокурор ЭЦҚ қойғаннан кейін ғана есепке алынады.

Прокурор қылмыстық іс бойынша іс жүргізу шешімін қабылдай отыра, дереу ББСЖ-ға тиісті карточканы енгізеді, ЭЦҚ қою арқылы оның түпнұсқалылығын растайды.

Прокурор ББСЖ АЖО-да электрондық карточкаға қол қоюдан келесі жағдайларда бастартуы мүмкін:

- 1) карточка түскен күннен бастап, демалыс және мерекелік күндерді есепке алмағанда бір тәулік ішінде қылмыстық іс түспеген жағдайда;
- 2) карточка қадағалау бойынша емес техникалық себептер бойынша келіп түскен жағдайда;
- 3) карточка қайталап шығарылған жағдайда (қателесіп).

12. Түзетулер прокурорлардың, сондай-ақ субъектілердің қадағалаушы прокурормен келісілген қолдаухаттарының негізінде, сонымен қатар уәкілетті прокурордың уәкілетті органның бастығымен келісілген баянаты бойынша жүргізіледі.

Субъектілер лауазымды тұлғалардың қылмыстық қудалау органының бастығымен немесе оның орнын алмастыратын тұлға келісілген баянаттарының негізінде ЗС-1 нысанды карточкаларды өз бетінше түзете алады.

Қолдаухатта түзетуге жататын 10-нан астам көрсеткіш аталған жағдайда, қадағалаушы прокурорлар ол жөнінде облыс прокурорына және оған теңестірілген тұлғаға хабарлап, олар бір тәулік мерзімінің ішінде түзету енгізуге келісім береді немесе төменде тұрған прокурордың қолдаухатын кері қайтарады.

Аумақтық уәкілетті орган өзгерістерді бір тәулікті құрайтын мерзім ішінде енгізеді, есептік кезеңнің қарсаңында – келіп түскен күні, ал бас тартқан жағдайда аталған мерзімдердің ішінде бастамашыға бас тарту себептерін көрсете отырып хабарлайды.

13. Әскери қылмыстарды, олардың субъектілерін, қылмыстық істерді, тергеу, анықтау әскери органдарының, прокуратураның және соттың қызметін және әскери қылмыстар үшін сотталған адамдарды есепке алуды уәкілетті органның Әскери бөлімшесі жүзеге асырады.

Уәкілетті органның Әскери бөлімшесінде есепке алуға, сонымен қатар, әскери қызметшілер, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, өзге де әскерлер мен әскери құрылымдарда шақырту немесе келісім-шарт бойынша әскери қызмет атқарып жүрген тұлғалар, запаста жүрген, әскери жиындардан өткен кездеріндегі азаматтар, қызметтік міндеттерін атқаруға немесе осы бөлімдер, құрамалар, мекемелердің қарамағында болуына байланысты әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық персоналының тұлғалары және оларға теңестірілген тұлғалар жасаған қылмыстар да жатады.

14. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (бұдан әрі – ҚР ҰҚК ШҚ) органдары қозғаған, Қазақстан Республикасы 1997

жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық Кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) 330-бабы 1-бөлігінде және 331-бабы 1-бөлігінде, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 16-тармағының талаптарына ілікпейтін ҚР ҚК-нің өзге баптарында көзделген қылмыстар туралы карточкалар уәкілетті органға қылмыс жасалған орын бойынша ұсынылады.

Осындай қылмыстар бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған қылмыстық істер және материалдар ҚР ҰҚК ШҚ органдарына арналып ерекшеленген кодтарға сәйкес тіркеледі.

15. Істері қылмыстық қудалау органдарының орталық аппараттарында өндірісте жүрген қылмыстар туралы карточкалар аумақтық уәкілетті органға қылмыс жасалған орын бойынша ұсынылады.

16. Нақты ауданның, қаланың, облыстың өзге қылмыстық қудалау органдарынан тергеуде болуы бойынша келіп түскен немесе біріктірілген, сонымен қатар қосымша тергеу жүргізу үшін келіп түскен қылмыстық істер қайта тіркеуге жатпайды.

17. Өзге мемлекеттердің, соның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (бұдан әрі – ТМД) қылмыстық қудалау органдарынан келіп түскен істер жаңа нөмір бере отырып, қайта тіркелген ретінде тіркеуге жатады.

Осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасында жұмыстардың желілеріне жатқызылған ҚР ҚК жекелеген баптарының тізбесі келтірілген.

#### **4. ЗС-1 нысанды карточканы ұсыну ерекшеліктері**

18. Субъектілер ЗС-1 нысанды қағаз карточканы өтініштер мен ақпараттарды есепке алу кітабына (бұдан әрі - ӨАЕК) тіркегеннен кейін, ал электрондық тіркеу жүргізілген кезде ӨАЕК тіркеу нөмірін автоматты түрде алумен бірге тікелей өтінішті, хабарламаны және өзге де ақпаратты қабылдағаннан кейін ұсынады.

19. Бір қылмыс (дерек) бойынша қайталанған хабарламаларды ӨАЕК-те тіркеген кезде әрбір қайта тіркелген хабарлама бойынша ӨАЕК-те бірінші өтінішке біріктіру немесе бірінші өтінішті басқа облыс (оларға теңестірілген) субъектісіне берген жағдайда салдар бойынша беру туралы белгі жасалып, ЗС-1 нысанды карточка ұсынылады. Әрбір қайталанған өтінішке біріктіру немесе салдар бойынша жіберу туралы ЗС-2 нысанды карточка шығарылады.

20. Тергеуде болуы бойынша жөнелтілген өтініш (материал) басқа облыстың субъектісіне (оларға теңестірілген) келіп түскеннен кейін ӨАЕК-те тіркеледі және аталған карточканың «5 коды» 5-деректемесінде міндетті түрде белгі қойылып, ЗС-1 нысанды карточка ұсынылады (өзге органдардан тергеуде болуы және соттылығы бойынша қабылданды). Тергеуде болуы бойынша қабылдау

туралы ЗС-1 нысанды карточканы ұсынғанға дейін материал өтінішті жіберген  
о р г а н н ы ң е с е б і н д е б о л а д ы .

Жіберуші-органда тіркелусіз өтінішті (материалды) қайтаруға жол берілмейді

Өтінішті (материалды) оны тергеуде болуы бойынша бұрын жолдаған органға қайтарған жағдайда, ӨАЕК-те алғашқы тіркеу бойынша қайтару жөніндегі белгі жасалады. Бұл ретте, өтініш қайта тіркеуге жатпайды, алайда 9.1-деректеменің 1 кодына міндетті түрде белгі қойылып (тергеуде болуы бойынша жолданған материалды қайтарғаннан кейін өндіріске қайтадан қабылдау), ЗС-2 нысанды карточка шығарылады. Өндіріске қабылдау туралы ЗС-2 нысанды карточканы ұсынғанға дейін материал өтінішті жіберген органның есебінде болады.

21. ӨАЕК-те тіркелген, ҚР ҚІЖК 185-бабының тәртібінде іс жүргізу шешімін қабылдауды қажет ететін қылмыстар туралы өтініштер бойынша ЗС-1 нысанды карточкадағы алдын ала саралау деректемесі толтыруға міндетті болып табылады . Хабар-ошарсыз жоғалған адамдар деректері бойынша қылмыстық істер қозғалған кезде «000» дәрежесіне белгі жасалады.

22. Есепке алудан жасырылған қылмыс туралы өтініш анықталған жағдайда ЗС-1 нысанды карточканы тіркеу және ұсыну 10 және 10.1-деректемелерге белгі жасай отырып жүргізіледі және оны анықтаған органда жүзеге асырылады.

23. Өтініш беруші және жәбірленуші туралы мәліметтер толтыруға міндетті  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

24. Органның ӨАЕК-ке ақпаратты енгізген лауазымды тұлғасы ЗС-1 нысанды карточканы тегін, атын, әкесінің атын, лауазымын, күнді көрсете отырып толтырады және оған қол қояды, сонымен қатар карточка қылмыс, оқиға туралы әрбір тіркелген өтінішке, хабарламаға шығарылады.

## **5. ЗС-2 нысанды карточканы ұсыну ерекшеліктері**

25. ЗС-2 нысанды карточка ҚР ҚІЖК 185-бабы 1-бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақтарының тәртібінде, ӨАЕК-те бұрын тіркелген өтінішке (материалға) біріктіру туралы шешім қабылдау, сондай-ақ өтінішті (материалды) қарау мерзімін ұзарту кезіндегі материалдардың ақпараттық есепке алу құжаты болып  
т а б ы л а д ы .

26. Уәкілетті органның ББСЖ-на қосылуы бар болған кезде ҚР ҚІЖК 184-бабында, 185-бабы 1-бөлігінің 1), 2) тармақшаларында көзделген шешімдерді қабылдаған жағдайда ЗС-2 нысанды карточкаға Word форматындағы немесе сканерленген түрдегі іс жүргізу құжатының (мерзімін ұзарту, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту және қылмыстық іс қозғау туралы қаулы) электрондық үлгісі



бар файлды жалғау жүзеге асырылады.

Аталған талаптың орындалуы қылмыстық қудалау органдарының материалдық техникалық қамтамасыз етілудің жеткілікті болған кезінде қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

27. Жасалған қылмыстар туралы расталмаған хабарламалар бойынша номенклатуралық іске тексеру материалдарын есептен шығару туралы шешім қабылдаған кезде ЗС-2 нысанды карточкаларды ББСЖ-ға енгізуді субъектілер қ а м т а м а с ы з е т е д і .

«Жасалған қылмыстар туралы расталмаған хабарламалар бойынша жүктелімге шығарылған материалдар» номенклатуралық ісіне шығару туралы шешім қабылданған кезде ЗС-2 нысанды карточканың 4-деректемесінде «дерек расталмады (1)» белгіленеді және 5-деректеме толтырылады.

28. Өтінішті (материалды) тергеуде болуы бойынша басқа облыстың субъектісіне (оларға теңестірілген) жіберген жағдайда ЗС-2 нысанды карточка өтініш (материал) жолданған органның атауын көрсете отырып, аталған карточканың көшірмесін жалғаумен ұсынылады.

29. Өтініш (материал) оны бұрын тергеуде болуы бойынша жіберген органға қайтарылған жағдайда тергеуде болуы бойынша жіберу туралы ЗС-2 нысанды к а р т о ч к а ұ с ы н ы л а д ы .

30. Прокурор ЗС-2 нысанды карточканы іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының күшін жою туралы шешім қабылдап, қылмыстық іс қозғап ұсынған кезде қылмыстық қудалау органы қылмыстық іс қозғау туралы шешімі бар ЗС-2 нысанды к а р т о ч к а н ы ұ с ы н б а й д ы .

Қосымша тексеріске жолдаумен қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулыдан сот бас тартқан жағдайда, аталған шешім туралы ЗС-2 нысанды карточка қайта шығарылады. Прокурор сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін ЗС-2 нысанды к а р т о ч к а н ы шығарады.

Өтініш (материал) бойынша қайталап шешім қабылдаған кезде, бұрын сот бас тартқан шешім, қабылданған шешімді көрсетумен ЗС-2 нысанды карточка ш ы ғ а р ы л а д ы .

31. Сот қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулыны тоқтату жөніндегі шешім шыққан жағдайда сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін прокурор ЗС-2 нысанды к а р т о ч к а н ы шығарады.

32. ЗС-2 нысанды карточканы тұлғаның хабар-ошарсыз жоғалуы немесе танылмаған мәйітті табу туралы ӨАЕК материалдары бойынша мерзімін ұзарту үшін ұсынған кезде 9.2-деректеме міндетті түрде толтырылуы тиіс.

33. ЗС-2 нысанды карточканы шешім қабылдаған лауазымды тұлға толтырады және оған қол қояды.

## 6. 1.0 нысанды карточканы ұсыну ерекшеліктері

34. 1.0 нысанды карточканы субъектінің лауазымды тұлғасы төменде аталған шешімдерді қабылдау кезінде қылмыстың жасалған уақытына қарамастан есептік кезеңде анықталған қылмысқа шығарады:

- 1) қылмыстық іс қозғау туралы;
- 2) ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы;
- 3) прокурордың қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының күшін жоюы және қылмыстық іс қозғау;
- 4) қылмыстық істі жеке іс жүргізуге бөлу кезінде;
- 5) қылмыстық іс тергеуде болуы немесе аумақтылығы бойынша есепке алына отырып, басқа мемлекеттерден, соның ішінде ТМД-дан келіп түскен кезде;
- 6) субъект ҚР ҚІЖК 394-бабы 1-бөлігінің 3-тармағының тәртібінде қылмыстық іс қозғаған кезде.

35. Уәкілетті органның ББСЖ-на қосылуы бар болған кезде осы Нұсқаулықтың 34-тармағында көзделген шешімдерді қабылдаған жағдайда 1.0 нысанды карточкаға Word форматындағы немесе сканерленген түрдегі іс жүргізу құжатының электрондық үлгісі бар файлды жалғау жүзеге асырылады.

Қылмыстық қудалау органдарының материалдық техникалық қамсыздалуы жеткілікті болған жағдайда аталған талаптың орындалуы қамтамасыз етіледі.

36. Карточкаларды ББСЖ-ға электрондық түрде енгізуді жүзеге асыратын субъектілер бойынша автоматтандырылған режимде қылмыстық істерге нөмір беру 1.0 нысанды карточканы енгізу арқылы жүзеге асырылады.

37. 1.0 нысанды карточканың «Статистикалық есепке алудың түрі» 6-деректемесінде «есепке алынсын (1)» коды қойылады. «Алып тасталсын (2)» коды келесі жағдайларда: сот аталған эпизод бойынша барлық тұлғаларды ақтаған кезде; сот аталған эпизодты ақталатын негіздер бойынша қысқартқан кезде; қылмыстық іс қозғай отырып, ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының күші жойылған кезде, сот іс бойынша өтетін барлық тұлғалардың айыптауларынан аталған эпизодты алып тастаған жағдайда қойылады.

38. Сот органдарының көрсетілген шешімдері бар ақпараттық ресурстарының деректері негізінде деректер қорында осы эпизод бойынша және бір дерек бойынша негізсіз (қателесіп) қайталап іс қозғаған кезде, созылмалы және жалғасып отырған қылмыстар бойынша қылмыстық іс қозғаған кезде алып тасталсын (2) коды қойылады, барлық өзге жағдайларда «Статистикалық есепке алудың түрі» - «есепке алынсын (1)» болуы тиіс.

39. Қылмыстық істі тұлғаға қатысты жеке іс жүргізуге бөлу кезінде жаңа

нөмір қойылған 1.0 нысанды карточка шығарылады, бұл ретте, ол жаңа қылмыс ретінде ескерілмейді.

Қайта саралау және қылмыстық істің деректемелерін өзгерту кезінде қылмыстық істің нөмірі бұрынғы қалпында сақталады.

Қылмыстық іс сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу тәртібінде тергелген жағдайда 2-деректемеде тиісті кодтар белгіленеді.

40. Қылмыстық қудалау органы қылмыстық істі қайта қозғау туралы шешім қабылдаған жағдайда, прокурор қылмыстық іс қозғау туралы қаулының күшін жою туралы шешімді шығарғаннан және материалдарды қосымша тексеруге жолдағаннан кейін іске жаңа нөмір беріледі.

41. Егер бір істің шегінде әркелкі облыстардың аумағында жасалған екі немесе одан да көп қылмыс тергелген болса, онда негізгі іске қосу үшін жіберілген эпизодтар бойынша карточкалардың көшірмелері (электрондық мәліметтер) прокурор тарапынан қылмыстық істі тергеу орны бойынша уәкілетті органға ұсынылады немесе электрондық түрде жіберіледі.

Қылмыстық істі тергеу орны бойынша уәкілетті орган өзге облыстардың аумағында жасалған қылмыстар туралы карточкалардың көшірмелерін алған кезде оларды тіркейді және ол мәліметтер ББСЖ-да болмаған кезде алғашқы тіркеу нөмірін көрсете отырып автоматтандырылған деректер қорына енгізеді. Кейіннен, аталған эпизодтар бойынша қозғалыс жөніндегі карточкалар келіп түскен кезде аталған мәліметтер де тіркеледі және электрондық деректер қорына енгізіледі.

Қылмыстық істі тергеу орны бойынша уәкілетті орган аталған эпизодтар бойынша қозғалыс туралы карточкалардың көшірмелерін оларды есепке қою үшін қылмыс жасалған орын бойынша тиісті уәкілетті органға келіп түскен күні жолдайды.

Аталған қылмыстарды (эпизодтарды, тұлғаларды) аумағында қылмыс жасалған уәкілетті орган қалыптастыратын қылмыстылық жөніндегі есептерде ескеру керек. Сонымен қатар, тиісті аумақтық орган қылмыстық істер бойынша есептерде аталған эпизодтарды қылмыстық іс бойынша шешім қабылдаған қылмыстық қудалау органы бойынша есепке алады.

42. Барлық қылмыстар (эпизодтар, тұлғалар) аумағында қылмыс жасалған уәкілетті орган қалыптастыратын қылмыстылық туралы есептерде ескеріледі. Бұл ретте, тергеу барысында оларды жасау ауданы туралы шынайы мәліметтер анықталған болса, онда осы Нұсқаулықтың 12-тармағына сәйкес, 1.0. нысанды карточканың «Жасау ауданы» 4-деректемесі түзетуге жатады.

43. Өзге облыстың аумағында жасалған қылмыс анықталған және қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылданған кезде субъект 1.0. нысанды карточканы шығарады және кейіннен істі одан әрі тергеу үшін тергеуде болуы бойынша

жіберген кезде іс жолданған субъект көрсетіле отырып, 1.1. нысанды карточка шығарылды.

44. Егер қылмыстық істері қысқартылса немесе келесі негіздер бойынша ақтау үкімі шығарылған болса, тіркелген қылмыстар ББСЖ бойынша қалыптастырылатын, қылмыстылық туралы есептерде есепке алуға жатпайды:

1) қылмыс оқиғасы болмауы (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлігінің 1) тармағы, 376-бабы 2-бөлігінің 1) тармағы);

2) әрекетте қылмыс құрамының болмауы (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлігінің 2) тармағы, 376-бабы 2-бөлігінің 2) тармағы);

3) ҚР ҚІЖК 33-бабының 2-бөлігінде және 34-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 33-бабының бірінші бөлігінде және 34-бабының бірінші бөлігінде көзделген қылмыстар туралы істер бойынша жәбірленуші шағымының болмауы.

4) өзі туралы белгілі бір айыптау бойынша соттың заңды күшіне енген үкімі не қылмыстық ізге түсудің мүмкін еместігін белгілейтін соттың күшін жоймаған қаулысы бар адамға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігінің 1) тармағы);

5) белгілі бір айыптау бойынша қылмыстық ізге түсу органының қылмыстық ізге түсуден бас тарту туралы күшін жоймаған қаулысы бар адамға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігінің 8) тармағы);

6) қылмыстық іс қозғау туралы қаулыны прокурордың қылмыстық іс қозғау туралы бас тартып немесе ақталатын негіздер бойынша тоқтатып бас тартуы.

45. Егер тұлғаға қатысты қылмыстық қудалауды қысқартқан кезде немесе ақтау үкімі шығарылғанда, қылмыс жасаған тұлға анықталмаған болып қала берсе, онда қылмыс қылмыстылық туралы есептерде есепке алынуы тиіс.

46. Қылмыстық істерді төменде аталған жағдайларда қысқартқан кезде, тіркелген қылмыстар қылмыстылық туралы есептерде келесі негіздер бойынша есепке алынуы тиіс:

1) рақымшылық акті нәтижесінде, егер ол жасалған әрекетке жаза қолдануды жойса (ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігінің 3) тармағы);

2) жеке айыптаушы айыптаудан бас тартқан кезде – ҚР ҚІЖК 33-бабының 2-бөлігінде көзделген жағдайлардан басқа ҚР ҚІЖК 33-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстар туралы істер бойынша (ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігінің 6) тармағы);

3) қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті қабілетсіз күйде жасаған тұлғаға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігінің 9) тармағы);

4) артықшылыққа немесе қылмыстық қудалаудан иммунитеті бар тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тартуға өкілетті органның немесе лауазымды тұлғаның келісім беруден бас тартуына байланысты (ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігінің 10) тармағы);

- 5) қайтыс болғанға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігінің 11) тармағы);
- 6) ҚР ҚК ережелеріне сәйкес қылмыстық жауапкершіліктен босатылуға тиісті тұлғаға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігінің 12) тармағы);
- 7) ҚР ҚК 67-бабында, ҚР ҚІЖК 38-бабының 1-бөлігінде көзделген жағдайда және басқа ақталмайтын негіздер бойынша жәбірленушінің сезіктімен немесе айыпталушымен татуласуына байланысты;
- 8) ескіру мерзімі өтуіне байланысты (ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігінің 4) тармағы).

47. Прокурор қылмыстық істі қысқарту туралы қаулының күшін жойған кезде, қылмыстылық туралы есептерде қылмыс өндірісте болғандардың қатарында есепке алынады.

48. Карточканы толтырған кезде бір қылмыс ретінде ескеруді және анықталған қылмысқа бір карточка шығарылатынын назарға алу қажет:

1) бірлескен әрекеттің кез келген нысанындағы бірнеше тұлға жасаған қылмыс (ҚР ҚІЖК 31-бабы);

2) бір немесе одан артық тұлғаға зиян келтірілетін әрекет (мысалы, бір үй-жайдан әр түрлі тұлғаларға тиесілі заттарды ұрлау; отардан әр түрлі иеге тиесілі бірнеше малды ұрлау);

3) созылмалы қылмыс (мысалы, қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын, есірткіні заңсыз сатып алу, сақтау, беру, өткізу, тасымалдау немесе алып жүру; алаяқтық, бопсалаушылық);

4) жалғасатын қылмыс (мысалы, қинау);

5) әрқайсысы аз мағыналы, бірақ жиынтығында айтарлықтай қоғамдық қауіп төндіретін және бір қылмыс ретінде жіктелетін бірқатар біртекті әрекеттерді жасау (мысалы, ой бірлігімен байланысқан, белгілі бір мерзім ішінде бір үйден электр санауыштарын ұрлау);

6) бір әрекетпен орындалған әр түрлі қылмыс жасау. Бұл жағдайда есепке ең ауыр қылмыс алынады (мысалы, жыныстық ауруды жұқтырумен сүйемелденетін зорлау тек зорлау белгілері бойынша ғана есепке алынады);

7) негізгі қылмысты жасау тәсілі болып табылатын әрекеттер жиынтығының бір бөлігі (мысалы, айыпталушыға сеніп тапсырылған бөтен мүлікті қызметтік жағдайын пайдаланып иемдену немесе ысырап ету, мұнда қызметтік жағдайын пайдалану ұрлау тәсілі болып табылады). Осыған қарама-қарсы қызметтік жағдайын теріс пайдалану дербес әрекет түзеді және негізгі актіні іске асыру құралы болып табылмаса, жеке акция ретінде есептеледі;

8) әр түрлі қылмыс құрамынан тұратын, бірақ бір қылмыс ретінде жіктелетін қылмыс (мысалы, жәбірленушіге қатысты зорлықпен қоса жүретін билікті асыру, билік өкіліне қарсылық көрсетумен қоса жүретін қасақана бұзақылық);

9) әр түрлі объектілерге қауіп төндірсе де, заң бойынша бір қылмыс түзетін

әрекет (мысалы, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына, меншігіне қауіп төндіретін, бірақ жиынтығында бір қылмыстық актіні құрайтын тонаушылық);

10) азғындық іс-әрекет, еркектер арасындағы жыныстық қатынас және эпизод көлемінен тәуелсіз өзге осындай актілер. Топтық қылмыс ниеті болмаған жағдайда осындай актідегі әрбір жаңа серіктестікті жеке қылмыс ретінде есепке алу қажет;

11) ҚР ҚК әр түрлі баптары бойынша жіктелетін дербес әрекеттерді бір уақытта жасаған жағдайда (мінсіз жиынтық).

49. Прокурор қылмыстық істі қозғаған кезде, 1.0. нысанды карточканың 1-деректемесінде аталған істі тергеуге қабылдаған органның атауы енгізіледі, 2-деректемеде аталған істі тергеуге қабылдаған қызмет белгіленеді, 10-деректемеде 01 прокурор коды белгіленеді.

Прокурор қылмыстық істі әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау желісі бойынша қозғаған жағдайда, 10.1-деректемеде «10» коды белгіленеді.

50. Екі немесе одан да көп қылмыс ретінде ескеріледі және карточкалардың тиісті саны шығарылады:

1) ҚР ҚК әр түрлі баптары бойынша жіктелетін дербес әрекеттерді бір уақытта жасаған жағдайда (мысалы, үйді өртеп, кісі өлтіру немесе зорлық жасап, содан кейін жәбірленушіні тонау);

2) әр уақытта жасалған, бірегей, пиғыл ұқсастығымен байланыспаған әрекеттер (мысалы, бірнеше рет жасалған ұрлық, тонаушылық, қарақшылық, бопсалаушылық).

51. ҚР ҚК көзделген қандай да бір іс-әрекеттің шартты белгілерін қамтитын, алайда болмашы мәніне байланысты қоғамдық қауіп тудырмайтын, яғни зиян келтірмеген және тұлғаға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қаупін тудырмаған әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстар санатында есепке алуға жатпайды (ҚР ҚК 9-бабының 2-бөлігі).

52. 1.0 нысанды карточканың 19-деректемесіндегі «әлеуметтік (21), ұлттық (22), жыныстық (23), нәсілдік (24), діни (25) өшпенділікті қоздырумен байланысты» кодтары қылмыстық жауапкершілік ҚР ҚК сәйкесінше баптарында көзделген жағдайда толтырылады.

53. 1.0 нысанды карточканы толтырған кезде қоғамдық орын – халықтың пайдалануына, сондай-ақ жаппай іс-шаралар, азаматтарға қызмет көрсету мен демалысына арналған, қала және елді мекен шегіндегі немесе одан тыс арнайы жабдықталған жалпы тұтыну орындары екендігін ескеру қажет.

54. Қоғамдық орындарға жатады:

- 1) білім беру және демалыс ұйымдары;
- 2) денсаулық сақтау ұйымдары;

- 3) қоғамдық тамақтану орындары;
- 4) кинотеатрлар, цирктер, концерт, көру және көрме залдары, спорт арена-лары және жаппай демалысқа арналған жабық құрылыстар, соның ішінде түнгі клубтар мен дискотекалар;
- 5) мұражайлар, кітапханалар және дәрісханалар;
- 6) жергілікті және алыс қатынастағы пойыздар, әуе, теңіз және өзен көлік кемелері, қалалық, қалааралық автобустардың, маршрутты таксилер мен қалалық электр көлігінің салондары;
- 7) әуежай, теміржол, автомобиль және су вокзалдарының ғимараттары, теміржол вокзалдарының перрондары;
- 8) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың үй-жайлары;
- 9) жұмыс орны болып табылатын үй-жайлар;
- 10) үйлердің кіреберістері.

55. Қоғамдық орындар мыналарға бөлінеді:

1) тұрақты кез келген уақытта ашық орындар: көшелер, тұйық көшелер, саябақтар, желекжолдар, жағалаулар, алаңдар, вокзалдар, аулалар (жеке үй а у л а с ы н а н б а с қ а ) ) ;

2) мерзімді (белгілі бір уақытта халыққа қызмет көрсетуге және демалысына арналған үй-жайлар: базарлар, білім беру және емдеу-сауықтыру мекемелері, демалыс аймақтары, мәдени, ойын-сауық, спорт мекемелері, қоғамдық көлік, сауда кәсіпорындары, жолаушылар пойыздарының вагондары (тамбурдан басқа), сондай-ақ вагон-мейрамхана, түнгі уақыт тәулігіндегі жолаушылар купесі және д ә р е т х а н а ) .

56. Қоғамдық орында жасалғандар санына жатқызылған қылмыстардың жалпы санынан көшелік, яғни: әлеуметтік түрде жабдықталған орындарда: көшелерде, алаңдарда, желекжолдарда, жағалауларда, көпірлерде, тұйық көшелерде, қоршалмаған аулаларда (жекеден басқа), тұрғын алаңдарда, қала ( е л д і м е к е н ) шегіндегі орман-саябақ аймақтарында, саябақтарда, жағажайда, демалыс аймақтарында, базарларда, стадиондарда қызмет ету мерзімінде жасалған қылмыстар ерекшеленеді.

57. Қоғамдық орындарда және көшелерде жасалған қылмыстар ретінде е с е п т е м е у :

1) қылмыс жасау сәтінде өз қызметін орындамайтын қоғамдық мәндегі о б ъ е к т і л е р д е ;

2) еңбек ұжымдары жұмыс және күзетілетін автотұрақ үшін пайдаланатын өткізу режимі бар объектілерде;

3) ұйымдардың, мекемелердің, сауда және сауық мекемелерінің қосалқы үй-жайларында, гардеробтарында, соның ішінде оқу және өзге мекемелердің спорт киімдерін ілетін орындарында жасалған қылмыстар;

4) таксиде жасалған қылмыстар;

5) қоршауының болуынан тәуелсіз қараусыз қалған ғимараттардың аумағында, жерасты коммуникацияларда, жергілікті жердің жабдықталмаған учаскелерінде – бос жерлерде, жағалау көшелерінен және жағажайдан басқа өзен жағалауларында, ешбір инфрақұрылым объектілерінсіз автожол учаскелерінде ж а с а л ғ а н қ ы л м ы с т а р ;

6) пәтерден ұрлықтар және жатақханалардың, қонақ үйлердің, демалыс үйлерінің тұрғын үй-жайларында, жолаушылар болмаған жағдайда айдаудағы, жолайрықтардағы, тұйықтардағы және тұрақ орындарындағы жолаушылар пойыздарының вагондарында жасалған басқа да қылмыстар;

7) коммуналдық пәтерлердегі, шатырлардағы, жертөлелердегі, лифттердегі қоғамдық тұтыну орындарында жасалған, бұзақылықтан басқа қылмыстар;

8) созылмалы қылмыстар;

9) жол-көлік қылмыстары.

Аталған 21.1-деректемелерінің бірін сызу қылмысты 1.0 нысанды карточканың 21-деректемесінде көзделген «қоғамдық орындарда жасалған» санатына жатқызуды растайды немесе жоққа шығарады.

58. Бұрын қоғамдық орындарда және көшелерде жасалған ретінде есепке қойылған қылмыстар, егер тексеру барысында олардың жасалу орны туралы анық мәліметтер анықталса, осы Нұсқаулықтың 12-тармағында белгіленген т ә р т і п т е тү з е т у г е ж а т а д ы .

Мұның өзінде, осы түзету алдыңғы есептілік мерзімінің есептілігінің бұрмалануына әкелген түзету ретінде қарастырылмайды және оған Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының есептерді түзету бойынша бұйрықтарында белгіленген талаптар таралмайды.

59. Соттан анықтау немесе алдын ала тергеу үшін жеке айыптау ісі келіп түскен кезде 1.0 нысанды карточканың 1-деректемесінде тергеу үшін осы істі алған орган атауы, 2 және 10-деректемелерде – ілеспе қызмет, ал 10.1 – «ҚР ҚК 394-бабының 3-бөлігінің 1) тармағы бойынша келіп түскен жеке айыптау ісі бойынша» 06 коды қойылады. Бұдан басқа, аталған іске осы органның қылмыстық ісінің кезекті нөмірі беріледі.

60. 1.0 нысанды карточкаға осы Нұсқаулықтың 34) тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда іс жүргізу шешімін қабылдаған тұлға және қылмыстық қудалау органының басшысы қол қояды.

61. Прокурор қылмыстық істі қозғаған немесе ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан жағдайда карточкаға шешім қабылдаған прокурордың өзі қол қояды.

Қылмыстық қудалау органы ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан жағдайда 1.0 нысанды карточкаға іс жүргізу шешімін



қабылдаған тұлға және прокурор қол қояды.

Осы Нұсқаулықтың 34-тармағында көзделген басқа жағдайларда №1.0 нысанды карточкаға іс жүргізу шешімін қабылдаған тұлға қол қояды.

## **7. 1.1 нысанды карточканы ұсыну ерекшеліктері**

62. 1.1 нысанды карточкалардың тағайындалуы тергеу және анықтау органдарының сотқа дейінгі іс жүргізуінің нәтижелерін бейнелеуден құралады. Қылмыстық істің әрбір эпизоды бойынша тергеуді және анықтауды жүзеге асырушы субъектілердің лауазымды тұлғалары 1.1 нысанды карточканы келесі шешімдерді қабылдау кезінде шығарады:

1) айыптау қорытындысымен, айыптау хаттамасымен немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жолдау туралы қаулысымен прокурорға жолдау туралы;

2) іс бойынша өндірістің қысқартылуы туралы;

3) іс бойынша өндірістің тоқтатылуы туралы;

4) тергеуде болуы бойынша беру туралы;

5) істердің бірігуі туралы;

6) алдында біріктірілгендерден бөлінуі туралы (біріктірілген істердің бөлінуі)

;

7) іс бойынша өндірістің жаңартылуы, соның ішінде тоқтату, қысқарту туралы қаулының күшін прокурор жойғаннан кейін;

8) қайта саралау туралы;

9) қосымша тергеуге қайтарылғаннан кейін қылмыстық істі өндіріске қабылдау туралы;

10) тергеу мерзімін ұзарту кезінде;

11) Қазақстан Республикасы шегінде тергеуде болуы немесе аумақтылығы бойынша берілген қылмыстық істі қабылдау кезінде;

12) ҚР ҚІЖК 376-бабының 4-бөлігі тәртібінде соттан қайтарылған істі қабылдау кезінде;

13) ҚР ҚІЖК 288-бабының 1, 2-бөліктері немесе ҚР ҚІЖК 289-бабының 2-бөлігі тәртібінде анықтау ісі бойынша тергеу тағайындау кезінде;

14) арыз бойынша істің сотта (прокуратурада) болу мерзімінің қайта қалпына келтірілуінің аяқталуы кезінде немесе айыпталушы және оның қорғаушысының бір-бірімен танысуының аяқталуы кезінде қояды.

63. Өкілетті органның ББСЖ-на қосылуы бар болған кезде осы Нұсқаулықтың 62-тармағында көзделген шешім қабылдаған жағдайда 1.1 нысанды карточкаға іс жүргізу құжатының Word форматындағы электрондық

нұсқасымен немесе сканерленген түрінде файл салынады.

Қылмыстық қудалау органдарының материалдық техникалық қамсыздалуы жеткілікті болған жағдайда аталған талаптың орындалуы қамтамасыз етіледі.

64. 1.1 нысанды карточканы толтыру кезінде «отбасы-тұрмыстық қылмыс» түсінігі деп тіркелген іс жүзіндегі неке-отбасы немесе басқа да туыстық қарым-қатынаста бірге тұрып жатқан адамдар арасындағы жанжал нәтижесінде жасалған, адам өміріне, денсаулығына, ар-намысына, қадір-қасиеті мен бостандығына қауіп төндіретін қасақана немесе абайсызда, сонымен қатар көршілер арасындағы ұзақ уақытты қамтыған жанжал нәтижесінде жасалған қылмыстар түсіндіріледі.

65. Жаңа айыптау қорытындысын құрастыру үшін қылмыстық істі прокурор қайтарған кезде, істі өндіріске қабылдау туралы 1.1 нысанды карточка қойылмайды, алайда осы істі прокурорға ҚР ҚР ҚІЖК 280, 287, 514-баптарының тәртібінде қайталап жолдау кезінде 1.1 нысанды карточка қайталанып қойылады.

66. Қылмыстық әрекетті қайта саралаудан өткізген жағдайда субъект 1.1 нысанын шығарды.

67. Қылмыстық істің жасалған орны бойынша қылмыстық іс Қазақстан Республикасының басқа облысына жолданған жағдайда немесе қылмыстық іс тергеуде болуы бойынша субъектіге (тергеу, анықтау) берілген болса, қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы тұлға уәкілетті органға тергеуде болуы бойынша қылмыстық істі беру туралы 1.1 нысанды карточканы қояды. Басқарма 1.1 нысанды карточканың көшірмесін 24 сағат ішінде қылмыстық істі жолдаған Басқармаға жолдайды.

Өндірісіне қылмыстық іс келіп түскен субъектінің лауазымды тұлғасы ҚР ҚІЖК 193-бабы 1-бөлімінің тәртібінде келіп түскен қылмыстық істің өндіріске қабылданғаны туралы 1.1 нысанды карточканы қояды. Көрсетілген карточканың көшірмесін уәкілетті орган қылмыстық іс келіп түскен Басқармаға жолдайды.

68. 1.1 нысанды карточканың 9-деректемесі міндетті түрде толтыруға жатады. Қылмыс жасаған адамның жағдайын белгілейтін код қылмыстың мас күйде жасалғаны туралы айыптау қорытындысы мазмұнының және куәгер айғақтарының негізінде, сонымен қатар қылмыстық іс материалында адамның қылмыстық істі жасау кезіндегі алкогольдік ішімдіктен мас болуы, есірткі не улағыш заттармен қозуы туралы медициналық куәландыру актілері болған кезде белгіленеді.

69. Соттылықтың болуын көрсететін деректемеде соттылығы өтелмеген және алынбаған адамдар көрсетіледі. Он сегіз жасқа толмай тұрып жасаған қылмыстары үшін сотталған (қайталап қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардан басқа), сонымен қатар соттылығы алынған немесе өтелген

адамдар бұл бөлімдегі есепке алуға жатпайды (ҚР ҚК 13-бабының 4-бөлігі).

70. ҚР ҚІЖК 50-бабы 1-бөлігінің 2) және 5) тармақтары негізінде қылмыстық істі тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда 10-деректеме тиісінше қаулы мен іздестіру ісі болған кезде толтырылады. Қылмыстық істі ҚР ҚІЖК 50-бабы 1-бөлігінің 5) тармағы бойынша тоқтатқан кезде 1.1 нысанды карточканың «10.2 іздеудегі адам туралы мәлімет» деректемесі мәліметтердің анықтығын тексерумен толтырылады («Іздестіру ісінің нөмірін» қоспағанда).

71. Қылмыстық істі тергеудегі жалпы мерзімнен істің айыпталушы мен оның қорғаушысының таныстырылуында болу мерзімі немесе арыз бойынша сотта немесе прокуратурада болу мерзімі алынып тасталып, 1.1 нысанды карточканың 14, 14.1-деректемелерінде белгіленеді.

72. Қылмыс оқиғасының анықталмауына немесе қылмыс құрамының болмауына байланысты сотталушының қылмыстары жөніндегі істері бойынша сот шығарған ақтау үкімі заңды күшіне енгеннен кейін деректер базасында түзету жүргізіледі.

Түзету топтасқан қылмыс бойынша бір адамға ғана қатысты емес, сондай-ақ ақтау негіздері бойынша қайта саралау, қысқарту не ақтау толығымен эпизод бойынша болған жағдайда, тиісті эпизодтар бойынша барлық адамға қатысты қылмыстық істі сот ақталатын негіздер бойынша қысқартқан және қылмыстарды қайта саралаған жағдайларда жүргізіледі.

73. Адамның қылмыс жасауына айыпталушының қатысуы дәлелденбегендіктен, айыпталушы ретінде қатыстыруға жататын адам белгіленбегендіктен ақтау үкімдері шығарылған қылмыстар бойынша, істер бойынша істі өндіріске қабылдаған субъект ашылған қылмыстар санынан алып тастай отырып, ашылмаған қылмысқа 1.1 нысанды карточканы қояды.

74. ҚР ҚІЖК 50-бабының 1-бөлігінің 1) тармағымен көзделген негіздер бойынша немесе оның шеңберінде бұрын айып тағылған немесе тұлға сезікті деп танылып не ол ҚР ҚІЖК 132-бабының тәртібінде ұсталған немесе оған қатысты жазалау шаралары таңдалып, сәйкесінше карточкалар шығарылған ақталатын жағдайлардың тоқтатылуымен байланысты 1.1 нысанды карточка сәйкесінше 2.1, 2.0 нысанды карточкаларды ұсынумен осы тұлғаға қатысты шешім қабылдағаннан кейін ұсынылады.

75. 1.1 нысанды карточкаға қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын тұлға және прокурор қылмыстық істі не болмаса ҚІЖК талаптарына сәйкес іс жүргізу шешімі қабылданғаны туралы хабарламаны алу кезінде АЕҚ деректемелерін толтырудың толықтығы мен дұрыстығын тексергеннен кейін қол қояды, АЕҚ келіп түскен күні қол қояды жүргізеді.

1.1. нысанды карточканың «Қылмысты ашуға септігін тигізетін күштер және құралдар» 26-дан 30-ға дейінгі деректемелерді (ведомствоішілік көрсеткіш)

толтыру тәртібі ведомстволық нормативтік құқықтық актілермен регламенттеледі және оған қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын тұлға қол қ о я д ы .

1.1 нысанды АЕҚ-тың 26-дан 30-ға дейінгі деректемелеріне түзету енгізуді ішкі істер органдарының немесе қаржы полициясының қызметкерлері жүзеге а с ы р а д ы .

## **8. 2.0 нысанды карточканы ұсыну ерекшеліктері**

76. 2.0 нысанды карточканы қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын тұлға қылмыстық ісі ҚІЖК 280, 287, 190-3-баптарының және 514-бабы 1-бөлігінің 2-тармағының тәртібінде прокурорға жолданған, қылмыстық қудалау немесе ісі өндіріспен, ҚР ҚІЖК 50-бабы 1-бөлігінің 2) және 5) тармақтарына сәйкес қылмыстық істі тоқтату туралы шешімдер бойынша, сондай-ақ жеке айыптау істері бойынша аяқталған әрбір адамға қатысты ұсынады.

Бұл ретте, қылмыстық істі прокурорға ҚІЖК 280, 287, 190-3-баптарының және 514-бабы 1-бөлігінің 2) тармағының тәртібінде жолдаған кезде 43-деректеме (аталған адамға қатысты шешім қабылданды) толтырылмайды.

ҚІЖК белгіленген тәртібінде іс зерделенгеннен кейін қабылданған шешім жөніндегі аталған деректемені прокурор толтырады.

77. Өкілетті органның ББСЖ-на қосылуы бар болған кезде осы Нұсқаулықтың 76-тармағында көзделген шешімдерді қабылдаған жағдайда шешім қабылдаған тұлға 2.0 нысанды карточкаға Word форматындағы немесе сканерленген түрдегі іс жүргізу құжатының электрондық үлгісі бар файлды ж а л ғ а й д ы .

Қылмыстық қудалау органдарының материалдық техникалық қамсыздалуы жеткілікті болған жағдайда аталған талаптың орындалуы қамтамасыз етіледі.

78. ҚР ҚІЖК 280, 287, 190-3-баптарының және 514-бабының 1-бөлігі 2) тармағының тәртібінде қылмыстық істі прокурорға жолдаған кезде 2.0 нысанды карточкаға қосымша айыптау қорытындысына, айыптау хаттамасына, сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізудің хаттамасына, істі өндіріспен тоқтату немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін істі сотқа жолдау туралы қаулы міндетті түрде жүргізіледі.

79. Тергеу жүргізуші органның өзі қылмыстық қудалауды немесе істі қысқартқан жағдайда 2.0 нысанды карточкада 43-деректемені аталған орган толтырады және прокурор қол қойғаннан кейін карточка Басқармаға жолданады.

Бұл ретте, қылмыстық қудалауды немесе істі қысқартқан кезде 2.0 нысанды карточка адам бұрында сезікті болып танылғанда, ҚР ҚІЖК 132-бабының

тәртібінде ұсталған немесе аталған адамға қатысты бұлтартпау шарасы таңдалған не аталған адамға айып тағылған жағдайларда қысқарту негізіне қарамастан міндетті түрде ұсынылуы тиіс. Егер ондай шешімдер қабылданбаған және қылмыстық іс ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлігінің 1), 2), 5), 7), 8) және 13) тармақшалары негізінде тоқтатылған болса, 2.0 нысанды карточка ұсынылмайды.

80. «Өндіріске қойылды (00)» 43-деректеме прокурор қылмыстық қудалауды немесе істі қысқарту туралы шешімнің күшін жойған немесе ҚІЖК 50-бабы 1-бөлігінің 2 және 5) тармақтары бойынша тоқтатқан кезде ғана толтырылады.

81. Қылмыстық істер біріктірілген жағдайда 2.0 нысанды карточка онда негізгі қылмыстық істің нөмірін міндетті түрде белгілей отырып қылмыс жасаған әрбір адамға шығарылады.

82. Карточка, сонымен қатар, ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық ісін қозғаудан бас тарту туралы қаулысы шығарылған адамға қатысты да шығарылады.

Қылмыстық іс қозғай отырып, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының күшін жойған кезде карточканың 6-деректемесінде «алып тастау» (2) белгісі жасалады.

2.0 нысанды карточканы толтырған кезде тұлғаның жасы, қызметі, лауазымы және білімі туралы деректер қылмыс жасаған сәтіне сәйкес толтырылатынына назар аудару қажет; жасы толық толған жасының саны бойынша ескеріледі; қызмет түрі туралы мәліметтерді көрсеткен кезде мыналар бойынша жіктеу керек:

1) жұмысшыларға – материалдық құндылықтарды қалыптастыруға тікелей қатысатын тұлғаларды, кіші қызмет көрсету персоналын (сатушылар, даяшылар, дала сыпырушылар, еден жуушылар);

2) мемлекеттік қызметкерлерге – мемлекеттік қызметте жүрген тұлғалар;

3) әскери қызметшілерге – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлерінде және әскери құрамаларында қызметте жүрген тұлғалар жатады.

Лауазымы туралы деректерді толтырған кезде мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті тұлғаларға лауазымды тұлғалар, Парламент пен мәслихаттар депутаттары, судьялар және мемлекеттік қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына (ҚР ҚК 307-бабы) сәйкес барлық мемлекеттік қызметкерлер жатқызылатынын ескеру қажет.

Коммерциялық және өзге ұйымдарда басқарушы функцияларды атқаратын тұлғалар ретінде мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы немесе мемлекеттің үлесі елу пайыздан артық емес (ҚР ҚК 228-бабы) ұйым болып табылмайтын мекемеде тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттілік бойынша

ұйымдастыру-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді атқаратын  
т ұ л ғ а т а н ы л а д ы .

83. Білімі туралы мәліметтерді толтыру барысында мыналарға назар аудару  
к е р е к :

- 1) жоғары білім – жоғарғы оқу орындарын бітірген адамдар;
- 2) орта кәсіптік – орта кәсіптік білім беру орындарын бітірген адамдар ( у ч и л и щ е , к о л л е д ж ) ;
- 3) орта – орта білім беру мекемесінің 11 (12), 1989 жылға дейін – 10 жылдық о қ у ы н бі ті р г е н а д а м д а р ;
- 4) толық емес орта – тоғыз жылдық, 1989 жылға дейін – сегіз жылдық, 1962 жылға дейін – жеті жылдық мектепті бітірген адамдар;
- 5) білімі жоқ – толық емес орта білімі жоқ адамдар болып табылады.

84. 2.0 нысанды 32-карточканың деректемесінде айыптау қорытындысының мазмұны негізінде немесе қылмыстық іс материалдарында қылмыс мас күйде ( алкогольдік немесе есірткілік қозу) жасалғаны туралы тұлғаның алкогольдік, есірткілік немесе улы заттардан қозуы жөніндегі медициналық куәландыру туралы акт болған жағдайда, ал тоқтатылған қылмыстық істер бойынша істе бар куәгерлік айғақтардың немесе медициналық куәландыру туралы актінің негізінде с ә й к е с к о д т а р д ы ң а с т ы с ы з ы л а д ы .

«Бұрын қылмыс жасаған адам» бөлімінде бұрын жасаған қасақана қылмысы үшін соттылығы бар адамдар есепке алынады. Он сегіз жасқа толмай тұрып жасаған қылмысы үшін сотталған адамдар (қылмыстарды қайталап жасаған кәмелетке толмағандарды қоспағанда), сондай-ақ соттылығы өтелген және алып тасталғандар аталған бөлімде есепке алуға жатпайды (ҚР ҚК 13-бабының 4-бөлігі). Бұл деректер келесі бөлімде 42-деректемеде бейнеленеді.

85. Ақталмайтын негіздер бойынша бас тарту материалы бойынша қылмыстық іс өндірісінде болған субъектінің лауазымды тұлғасы және қадағалауды жүзеге асырушы прокурор 2.0 нысанды карточканы толтырады ж ә н е о ғ а н қ о л қ о я д ы .

## **9. 2.1 нысанды карточканы ұсыну ерекшеліктері**

86. 2.1 нысанды карточка сезікті болып танылған, қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған, айып тағылған, қылмыстық қудалау органдарының сотқа дейінгі қызметі барысында бұлтартпау шарасы таңдалған немесе өзгертілген адамдарды есепке алуды қамтамасыз етуге арналған.

2.1 нысанды электрондық карточка субъектілер ҚР ҚІЖК көзделген іс жүргізу шешімдерін қабылдағаннан кейін дереу енгізіледі.

87. Субъектінің лауазымды тұлғасы 2.1. нысанды карточкаларды сезікті деп тану туралы шешім қабылданған, айып тағылған, ҚР ҚІЖК 132-бабының тәртібінде ұсталған, қамауға алуды жүзеге асыру (үйде қамап ұстау, ҚР ҚІЖК 132-бабының тәртібінде ұсталған адамды босату, бұлтартпау шарасын таңдау, күшін жою немесе өзгерту, қамауға алуға (үйде қамап ұстауға) санкция беру туралы қылмыстық қудалау органының қолдау хатына қолдау көрсетуден бас тарту туралы қаулы бойынша жоғары тұрған прокурорға шағым жолдау) туралы қолдау хатты прокурорға жолдаған әрбір жағдайда ұсынады.

17.5-деректемеде аталған негіздер бойынша адамды қамаудан босатқан кезде карточканы бұлтартпау шарасын таңдаған қылмыстық қудалау органы шұғыл ұсынады.

88. Қамауға алу (үйде қамап ұстау) туралы қолдау хатқа қолдау көрсетуден бас тартқан жағдайда, 2.1 нысанды карточканы ұсынған кезде 15-тен 15.3-ке дейінгі деректемелер міндетті түрде толтырылады.

89. Өкілетті органның ББСЖ-на қосылуы бар болған кезде шешімдер қабылдау жағдайында, осы Нұсқаулықтың 86-88-тармақтарында көзделген шешімдерді қабылдау жағдайында шешімді қабылдаған тұлға 2.1. нысанды карточкаға Word нысанындағы немесе сканерленген түрдегі іс жүргізу құжатының электрондық нұсқасы бар файлды қоса тіркейді.

90. Сезіктіге қатысты бұлтартпау шарасын таңдау кезінде 2.1 нысанды карточканың 15, 15.2, 15.3-деректемелерін міндетті түрде толтыру керек.

91. 2.1 нысанды карточкаға субъектінің лауазымды тұлғасы және қадағалауды жүзеге асырушы прокурор қол қояды.

2.1 нысанды бір карточкада бірнеше шешім көрсетілуі мүмкін, алайда, бұл ретте айып тағылған күн шешім шығарылған күнге сәйкес келсе, онда айып тағу бойынша жеке 2.1 нысанды карточка ұсынылуы тиіс.

ҚР ҚІЖК 150, 153 және 154-баптарындағы тәртіппен ұсынылған қолдау хат бойынша шешім қабылдаған кезде карточкаларға қол қоюға өкілетті прокурор 2.1 нысанды карточканы ББСЖ-ға енгізуді қамтамасыз етеді.

## **10. 2.2 нысанды карточканы ұсыну ерекшеліктері**

92. 2.2 нысанды карточка оларға қатысты қамауға алу, үйде қамап ұстау бұлтартпау шаралары таңдалған, қамауға алу, үйде қамап ұстау мерзімдері ұзартылған, қамауға алудың, үйде қамап ұстаудың күші жойылған, өзгертілген, бас тартылған, соттың санкциялары шағымдалған және наразылық білдірілген адамдарды есепке алуды қамтамасыз етуге арналған.

93. ҚР ҚІЖК баптарына сәйкес бұлтартпау шарасын таңдау, қамауға алу (

үйде қамап ұстау) мерзімдерін ұзарту, қамауға алу (үйде қамап ұстау) бұлтартпау шарасының күшін жою, өзгерту, бас тарту туралы шығарылған қаулы (қолдаухат), ҚР ҚІЖК 109, 110-баптарының тәртібінде шығарылған шағым немесе наразылық, сондай-ақ сот шығарған қаулы, яғни оның нәтижесі 2.2 нысанды карточканы ұсыну үшін негіз болып табылады.

94. Қылмыстық іс бойынша заңдылықты қадағалайтын прокурор 2.2 нысанды карточканы сот тиісті қолдаухаттарды қарағаннан кейін істің материалдарына сәйкес 24 сағат ішінде ұсынады және оған қол қояды.

95. Осы Нұсқаулықтың 92-94-тармақтарында көзделген шешімдерді қабылдау жағдайында прокурор 2.2 нысанды карточкаға Word нысанындағы немесе сканерленген түрдегі іс жүргізу құжатының электрондық нұсқасы бар файлды қ о с а т і р к е й д і .

96. 2.2 нысанды карточканы толтырған кезде жасы, қызмет түрі туралы деректер қылмыс жасаған кездегі жағдайға сәйкес толтырылатынын ескеру керек, жасы толық толған жылдар саны бойынша есептеледі.

97. «Қызмет түрі» деректемесі қолдаухаттың қозғалуына себеп болған тұлға Парламент депутаты, Конституциялық кеңестің мүшесі, судья немесе мүгедек болып табылса міндетті түрде толтырылуы тиіс.

98. Сот қолдаухатты қанағаттандырған жағдайда «Нәтиже» жолында «Бұлтартпау шарасы таңдалды, с.і. қолдаухатты қанағаттандырудан бас тарту кезінде» және «Қамауда ұстау (үйде қамап ұстау) бұлтартпау шарасын таңдаудың негіздері» деректемелері толтыруға міндетті болып табылады.

99. Сот қолдаухатты қанағаттандырудан бас тартқан кезде, соның ішінде прокурордың бастамасы бойынша, сондай-ақ «ҚР ҚІЖК 154-бб. тәртібіндегі қолдаухат» деректемесін толтырғанда «Бұлтартпау шарасы таңдалды, с.і. қолдаухатты қанағаттандырудан бас тарту кезінде» деректемесін толтыру м і н д е т т і б о л ы п т а б ы л а д ы .

100. «Материалдың түрі» деректемесін толтырған кезде «Қарау нәтижесі» жолының астындағы қамауда ұстау (үйде қамап ұстау) мерзімін ұзарту позициясында «қамауда ұстау мерзімі: \_\_\_\_ дейін ұзартылды» деректемесін толтыру м і н д е т т і б о л ы п т а б ы л а д ы .

101. 2.2 нысанды карточка әрбір адамға және оған қатысты қабылданған әрбір шешімге жеке шығарылып, оған қадағалаушы прокурор қол қояды.

### **11. 3.0 нысанды карточканы ұсыну ерекшеліктері**

102. 3.0 нысанды карточка қылмыстық іс бойынша әрбір қылмысқа бөлек ұсынылады және прокурордың тергеу және анықтау заңдылықтарын қамтамасыз



ету бойынша жұмысын бейнелейді.

103. Қылмыстық іс бойынша өндірісті жүзеге асырып отырған адам (тергеуші, анықтаушы, арнайы прокурор) 3.0 нысанды карточканың 1-ден 3-ке дейінгі деректемелерін толтырады және оны ҚР ҚІЖК 280, 287-баптарының және 514-бабының 1-бөлігі 2) тармағының тәртібінде прокурорға жолданатын қылмыстық іске қосады. Біріктірілген (көп эпизодты) қылмыстық істер бойынша әрбір қылмысқа қылмыстық істің дербес нөмірлері бар жеке карточка қосылады. Карточка электрондық нұсқада енгізілген жағдайда қоса берілмейді.

104. Қылмыстық істі зерделеу және шешім қабылдау нәтижесі бойынша прокурор қоса жіберілген 3.0 нысанды карточканың қалған деректемелерін толтырады және уәкілетті органға жолдайды.

105. Осы Нұсқаулықтың 102-104-тармақтарында көзделген шешімдерді қабылдау жағдайында прокурор 3.0 нысанды карточкаға Word нысанындағы немесе сканерленген түрдегі іс жүргізу құжатының электрондық нұсқасы бар ф а й л д ы қ о с а т і р к е й д і .

106. Прокурорлар қосымша тергеуге қайтарған істер бойынша олар қайтарған күні 3.0 нысанды карточканы ұсынады. Сот қосымша тергеуге қайтарған істер бойынша 3.0 нысанды карточка істі қосымша тергеуге жолдау туралы қаулы заңды күшіне енгеннен кейін қылмыстық іс прокуратураға келіп түскен кезде ф а н а ұ с ы н ы л а д ы .

Бұл ретте, сот істерін қосымша тергеуге жолдаған қылмыстар ашылғандар қатарынан алынып тасталады.

Сондай-ақ, 3.0 нысанды карточка прокурор материалдарды қосымша тексеруге жолдау арқылы қылмыстық істі қозғау туралы қаулылардың күшін ж о й ғ а н жағдайда ұ с ы н ы л а д ы .

107. Сот сотталушыны оның қылмыс жасауға қатысқаны дәлелденбегендіктен толық немесе ішінара ақтаған және қылмыстық істі прокурорға айыпталушы ретінде жауапқа тартылатын адамды анықтау үшін шаралар қабылдауға жолдаған жағдайларда (ҚР ҚІЖК 376-бабының 4-бөлігі), прокурор сот үкімі заңды күшіне енген күннен бастап бір тәулік ішінде Комитетке 3.0 нысанды карточканы қылмысты (қылмыстарды) ашылғандар қатарынан алып тастау үшін айыптаудың әрбір алынып тасталған эпизоды бойынша жолдайды.

108. Сот қылмыстық істі ҚР ҚІЖК 304-бабы 3-бөлігінің тәртібінде прокурорға жолдаған кезде прокурор «сот ҚР ҚІЖК 304-бабы 3-бөлігінің тәртібінде прокурорға қайтарды» деректемесіне белгі жасап, 3.0 нысанды карточканы ұсынады. Аталған қылмыс санаты 3.0 нысанды карточканың негізінде ашылғандар қатарынан алып тасталады және бұрын ұқсас шешім қабылдауды қоспағанда, ашылмаған қылмыстардың қатарына қосылады. Егер іздеудегі адам ұсталып, іс қайта сотқа жолданса, істердің осы санаты ағымдағы

есептік кезеңде тіркелген істер үшін сотқа жолданғандар қатарында ескеріледі, себебі сотқа жолдау туралы алғашқы шешім іздеу салу есебінен тоқтатуға өзгертілді.

109. Изделушінің ұсталуына байланысты прокурор істі сотқа жолдаған кезде прокурор аталған қылмысты ашылған ретінде есепке қосу мақсатында ҚР ҚІЖК тиісті бабын, «ҚР ҚІЖК 284, 289, 514-баптарының тәртібінде сотқа жолданды» деректемесін белгілей отырып, 3.0 нысанды карточканы ұсынады.

110. Сот қылмыстық іс қозғау туралы қаулының күшін жою жөніндегі қаулы шығарған жағдайда 3.0 нысанды карточка сот шығарған қылмыстық іс қозғау туралы қаулының күшін жою жөніндегі қаулы болған және ол заңды күшіне енген жағдайда, қылмыстық іс прокуратураға келіп түскеннен кейін ғана ұсынылады.

111. Прокурор ҚР ҚІЖК 197-бабы 1-бөлігінің 12) тармағының тәртібінде тергеуде болуын өзгерткен жағдайда ол 3.0 нысанды карточканы іс жолданатын органды көрсете отырып ұсынады, ал оны қабылдаған орган қылмыстық істі өндіріске қабылдау туралы карточканы ұсынады.

112. Прокурорлар нұсқау, санкция берген немесе тергеу іс-әрекеттерін заңсыз деп таныған әрбір жағдайда 7, 8, 9-деректемелерді толтырып 3.0 нысанды карточканы өз бетімен ұсынады.

## **12. 3.1 нысанды карточканы ұсыну ерекшеліктері**

113. 3.1 нысанды карточка қылмыстық процестің сотқа дейінгі кезеңінде азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтауды, қылмыстар және оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге ақпаратты қабылдау, тіркеу мен қарау кезіндегі заңдылықты қадағалау бойынша және сотқа дейінгі процестің заңдылығын қамтамасыз ету бойынша жұмысын бейнелейді.

114. 3.1 нысанды карточка мәліметтері прокурордың шешім қабылдауына байланысты кезең-кезеңімен енгізілетін 3 бөліктен тұрады.

Карточканың бірінші бөлігі тексеру мәні, мерзімдері туралы және тексерілетін орган туралы жалпы мәліметтерді қамтып, олар тексеру тағайындалған және жүзеге асырылған кезде толтырылады.

Карточканың екінші бөлігі прокурорлық ықпал ету актісі енгізілген кезде толтырылады.

Карточканың үшінші бөлігі прокурорлық ықпал ету актісін, айыпты адамдарды жауапкершілікке тарту туралы растау құжаттарын қарау нәтижелері бойынша ақпарат қабылданған кезде толтырылады.

115. Тексерулер бойынша 3.1 нысанды карточканы енгізген кезде автоматтық

түрде 14 таңбадан тұратын нөмір беріледі, оның ішінде бірінші жұп сан тексеру тіркелген жылды, 3-тен 8-ге дейінгі сандар облыстың, ауданның, прокуратураның кодын, 9-10 сандары пәні бойынша тексеру түрін және 11-ден 14-ке дейінгі сандар тексерудің реттік нөмірін білдіреді.

Мысалы, 13711101110001 (13 - жыл, 71 - Астана қаласының коды, 11 – Алматы ауданының коды, 01 – прокуратураның коды, 11 – тексеру мәні бойынша кодтау, 0001 – тексерудің реттік нөмірі).

Тексеру нөмірінің тоғызыншы және оныншы таңбаларындағы код тексеру мәні бойынша кодтау анықтамалығына сәйкес беріледі: 11 – азаматтарды ұстау кезінде ҚР ҚІЖК 17-тарауының талаптарын сақтауды тексеру, 12 – есепке алу–тіркеу тәртібінің жағдайын тексеру, 13 - әскер абақтысындағы тексеру, 14 – азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтауды тексеру, 15 - өзге.

116. Карточка әрбір тексеруге оның нәтижесін көрсете отырып шығарылады. Прокурор карточкаларды тексеру бойынша қолда бар материалдарға сәйкес т о л т ы р а д ы .

Ескертпе: егер бір тексеру бойынша бір ұсыныс немесе қаулы енгізілсе және бірден көп бұзушылық аталса, онда тиісті саны белгіленеді және олар бойынша бірден көп адам және әртүрлі бұзушылық түрлері бойынша жазаланса, сәйкесінше, тиісті бұзушылықтар түрлері бойынша адамдардың тиісті саны белгіленеді. Егер бір адам бірнеше бұзушылық түрі бойынша жазаланса, онда соның ішіндегі ең маңызды бұзушылық бойынша белгі жасалады.

117. Осы органдардағы қызметтен өту туралы қолданыстағы ережеге сәйкес лауазымды тұлға бұйрықтың нөмірін және оның күнін немесе карточкада аталуы тиіс бұйрықтардың көшірмелерін көрсетіп, қабылданған шаралар туралы берген жазбаша хабарлама жазаланған адамдарды есепке алу үшін негіз болып т а б ы л а д ы .

118. Қылмыстық істерді, бас тарту материалдарын зерделеу нәтижелері бойынша енгізілген прокурорлық ықпал ету актісін есепке қойған кезде 3.1 нысанды карточканың 2, 3, 6-деректемелері толтырылмайды. Бұл ретте, 7-деректемеде қылмыстық істің немесе бас тарту материалының нөмірін көрсету к е р е к .

119. Прокурорлар құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ҚР ҚІЖК 17 және 23-тарауларының талаптарын ұстануы бойынша тексеруді жүргізген кезде 3.1 нысанды карточка 6, 10, 10.1-деректемелерді міндетті түрде толтыра отырып ұ с ы н ы л а д ы .

120. Аудандық, қалалық, облыстық прокуратуралар, әскери және көлік прокуратураларының басшыларын, сондай-ақ Бас прокуратураның орталық аппараты 3.1 нысанды карточкаларды электрондық форматта ұсынады.

### 13. 1-Н нысанды карточканы ұсыну ерекшеліктері

121. 1-Н нысанды карточка ЕПП-ны, құрамында есірткі заттары бар өсімдіктердің анықталған өсу, заңсыз отырғызу, егу және өну алқаптарын (бұдан әрі – егістер) заңсыз айналымнан алып қою, сондай-ақ оларды жою, көму, ғылыми, өндірістік, емдік және өзге мақсаттарда пайдалану үшін тиісті ұйымдарға (мекемелерге) жөнелту немесе ЕПП-ны қылмыстық істер, бас тарту материалдары, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы материалдар, ұйғарымдар және өзге актілер негізінде тергеуде болуы бойынша беру (алу) туралы деректерді бейнелеу үшін тағайындалған.

122. 1-Н нысанды карточка Басқармаға ЕПП-ны заңсыз айналымнан алып қойған, құрамында есірткі заттары бар өсімдіктердің өсу және өну алқаптары анықталған, сондай-ақ оларды жойған немесе тиісті ұйымдарға (мекемелерге) жөнелткен жағдайларда және ЕПП-ны субъектіге (тергеу, анықтау) тергеуде болуы бойынша беру (алу), сондай-ақ салыстыру сараптамасын жүргізу кезінде ұсынылады.

123. ЕПП-ны алып қойған жағдайда қылмыстық іс және бас тарту өндірісінің материалдары бойынша 1-Н нысанды карточка сараптама қорытындысы алынған сәттен бастап, бірақ келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

Алып қою кезінде 1-Н нысанды карточка келесі шешімдер қабылданған жағдайда ұсынылады:

- 1) қылмыстық іс қозғаған кезде – 1.0 нысанды карточкамен бір мезгілде;
- 2) қылмыстық іс қозғаудан бас тартқанда және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы құра отырып, әкімшілік іс жүргізуді қозғау туралы қаулыны шығарған кезде;
- 3) қылмыстық іс қозғаудан бас тартқанда, соның ішінде тұлғаны әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін негіздер болмаған кезде.

Бұл ретте, бір материал бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы шешім қабылданған, ал кейіннен материалдар адамды әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін сотқа жолданған жағдайда ЕПП-ны алып қоюға арналған карточка бас тарту материалы бойынша ғана ұсынылатынын ескеру керек. ЕПП-ны жойғаннан кейін жоюға арналған 1-Н нысанды карточка да әкімшілік құқық бұзушылық туралы материал бойынша емес, бас тарту материалы бойынша ұсынылады. 3-деректемеде бас тарту материалы бойынша әкімшілік іс жүргізудің күні мен нөмірі көрсетіледі.

124. Жоюға арналған 1-Н нысанды карточка сот үкімінің (қаулысының), қылмыстық істі қысқарту туралы және қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулылардың негізінде, сондай-ақ «Қылмыстық қудалау органдарының

қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелер болып табылатын есірткі құралдарын, психотроптық заттарды жою ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 қарашадағы № 1017 қаулысына сәйкес ЕПП-ны жою туралы актінің көшірмесін жалғай отырып ЕПП-ны жою туралы актімен бір мезгілде ұсынылады.

125. ЕПП-ны көму, ғылыми, өндірістік, емдік және өзге мақсаттарда пайдалану үшін тиісті ұйымдарға (мекемелерге) жөнелткен жағдайда 1-Н нысанды карточка қабылдау-тапсыру актісін қалыптастыра отырып ұсынылады.

126. ЕПП-ны субъектіге жөнелткен (қабылдаған) жағдайда 1-Н нысанды к а р т о ч к а :

1) ЕПП-ны тергеуде болуы бойынша субъектіге жолдаған кезде шығыс нөмірі мен жөнелту күнін көрсете отырып – қылмыстық істі тергеуде болуы бойынша субъектіге жөнелту жөніндегі 1.1 нысанды карточкамен бір мезгілде;

2) ЕПП-ны субъектіден тергеуде болуы бойынша қабылдаған кезде кіріс нөмірі мен күнін көрсете отырып – қылмыстық істі субъектіден тергеуде болуы бойынша алу жөніндегі 1.1 нысанды карточкамен бір мезгілде ұсынылады.

127. 1-Н нысанды карточка 16 деректемеден тұрады.

1) 1, 2-деректемелерде ЕПП-ны алып қойған немесе егістерді анықтаған немесе ЕПП-ны, егістіктерді жойған органдардың атауы, істің нөмірі т о л т ы р ы л а д ы ;

2) 3-деректемеде 1-Н нысанды карточканы ұсынуға себеп болған оқиғалар сызылады: ЕПП-ны (егістіктерді) алып қою/анықтау, ЕПП-ны (егістіктерді) жою, ЕПП-ны ұйымдарға (мекемелерге) беру және субъектіге (тергеу, анықтау) тергеуде болуы бойынша ЕПП-ны беру (алу) кезінде, 4-деректемеде– осы оқиғалар туындаған күн мен орын көрсетіледі;

3) Алып қойылған ЕПП оларды сақтау үшін арнайы жабдықталған бөлмелерге тапсырылады және Анықтау, тергеу органдары және сот алып қоятын заттай айғақтарды, құжаттарды есепке алу кітабында тіркеледі, ол туралы деректер (реттік нөмірі және тіркеу күні) 5-деректемеде көрсетіледі, 5.1-деректемеде сарапшы қорытындысының нөмірі және күні толтырылады;

4) 8-деректемеде анықталған, алынған немесе жойылған ЕПП (егістіктер), олардың түрлері, саны және сараптамаға кеткен мөлшерін көрсете отырып, өлшем бірліктері бойынша (іске қосылған ЕПП калдығы) деректер көрсетіледі (сызылады). Іске тіркелген ЕПП калдықтары ЕПП-ны жою жағдайында ҚР ҚІЖК 223-бабының 4-бөлігіне сәйкес көрініс табады. 8.1-деректемеде есірткі дайындау мақсатында сатып алынған прекурсорларды алып қою туралы деректер көрініс табады, 8.2-деректемеде құқық қорғау органдарының бірлескен іс-шаралары барысында ЕПП-ны алып қою туралы деректер көрсетіледі;

5) 10-деректеме «қадағаланатын жеткізу» әдісі бойынша ЕПП-ны алу кезінде

б е л г і л е н е д і ;

6) 12-15-деректемелерде заттың түрі, тасымалдау, жасыру тәсілдері, ЕПП-ны (егістікті, алаңдарды) анықтау орны туралы деректер көрсетіледі;

7) 15.1-деректемеде сол субъектінің кинологиялық қызметі, егер ЕПП-ны алу кезінде осы субъектінің қызметтік-ізвестіру иті пайдаланылса көрсетіледі;

8) 15.2-деректемеде бірлескен іс-шаралар жүргізу кезіндегі құқық қорғау органдарының кинологиялық қызметі көрсетіледі. Мысалы, құқық қорғау органдарының бірлескен жұмысы нәтижесінде, ішкі істер органдарының ЕПП-ны алу жағдайында кеден органдарының кинологиялық қызметі қабылдаса, 15.2-деректемеде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің коды (3) көрсетіледі, яғни кеден органдарының кинологиялық қызметі ;

9) 16.1-16.10-деректемелерде ЕПП-мен байланысты қылмыстар және құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар туралы деректер көрсетіледі;

128. 1-Н нысанды карточка ЕПП-ны алып қою, егістіктер мен алаңдарды анықтаған жағдайларда келесі тұлғалардың тарапынан толтырылады және қол қойылады :

1) қылмыстық істі қозғау туралы қаулы шығарған тұлға және прокурор;

2) қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарған тұлға және прокурор ;

3) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы (материалды) әзірлеген тұлға және прокурор .

129. ЕПП-ны, егістіктерді және алаңдарды жою жағдайларында 1-Н нысанды карточка келесі тұлғалардың тарапынан толтырылады және қол қойылады:

1) қылмыстық іс, бас тартылған материал, әкімшілік құқық бұзушылық туралы материал өндірісінде болған тұлға және прокурор;

2) құрамында есірткі заттары бар өсімдіктердің өсу алқаптарын жою туралы ұйғарымды (өзге актілерді) шығарған тұлға және прокурор.

130. ЕПП-ны көму, ғылыми, өндірістік, емдік және өзге мақсаттарда пайдалану үшін тиісті ұйымдарға (мекемелерге) жөнелту жағдайында 1-Н нысанды карточканы қылмыстық іс, бас тартылған материал, әкімшілік құқық бұзушылық туралы материал өндірісінде болған тұлға және прокурор толтырады және қол қояды .

131. Субъектіге ЕПП-ны беру (алу) кезінде 1-Н нысанды карточканы қылмыстық іс, бас тартылған материал, әкімшілік құқық бұзушылық туралы материал өндірісінде болған тұлға және прокурор толтырады және қол қояды.

#### **14. Журналдарды, карточкаларды жүргізу тәртібіне және олардың қолданылуын бақылауға қойылатын талаптар**

132. Карточкаларды тіркеу, сондай-ақ журналдар мен карточкаларды жүйелеу мен сақтау уәкілетті органның аудандық және оларға теңестірілген өкілдіктерімен жүзеге асырылады. АЕҚ электронды түрде енгізілген жағдайда осы тараудың талаптары таратылмайды.

133. Осы Нұсқаулықтың 2-тарауында көрсетілген карточкалар автоматтық түрде Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды және өзге ақпаратты есепке алу кітабында (әрі қарай – ӨАЕК) (ЗС-1, ЗС-2 нысандары), осы Нұсқаулыққа 12-қосымшаға сәйкес уәкілетті органның Қылмыстық істерді, қылмыстарды және оларды жасаған тұлғаларды есепке алудың бірыңғай журналында (1.0, 1.1, 2.0, 2.1, 2.2, 3.0, 1-Н) көрініс табады, Әкімшілік істер және есірткі заттарын, психотроптық, улы заттарды, прекурсорларды (әрі қарай - ЕПП) алып қою және жою деректері бойынша бас тартылған материалдар бойынша карточкаларды есепке алу журналында осы Нұсқаулыққа 13-қосымшаға сәйкес әкімшілік өндіріс істері және өзге актілер бойынша № 1-Н нысанды карточка е с е п к е а л ы н а д ы .

Ескертпе: осы нұсқаулыққа 12-қосымшада автоматтық түрде ЗС-1 және ЗС-2 нысанды карточкалардан ӨАЕК нөмірі және күні көрініс табады.

134. Субъектілер қылмыстарды, олардың субъектілерін, қылмыстық істерді, ҚР ҚІЖК 132-бабының тәртібінде ұсталғандарды, тұтқынға алынған және сотталған адамдарды, карточкаларды және журналдарды жүргізуді бірыңғай есепке алуға ұсынған кезде осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіптің сақталуын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

135. Іс бойынша сотқа жолданған карточкалар бір жыл сақталады.

136. Ашылмаған қылмыстар бойынша карточкалар (қылмыстық істер ҚР ҚІЖК 50-бабының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) тармақтары бойынша тоқтатылған ) қылмыстың ашылуына және істің сотқа жолдануына дейін немесе қылмыстық істің қысқартылуына дейін сақталады.

137. ЗС-1 нысанды, сондай-ақ ЗС-2, 1-Н нысанды бас тарту материалдары бойынша, 1-Н нысанды әкімшілік материалдар бойынша барлық карточкалар 1 ж ы л б о й ы с а қ т а л а д ы .

138. Уәкілетті орган карточкаларды құрудың толықтығы мен сапасына, оларда көрсетілген мәліметтердің дұрыстығына және оларды ұсынудың уақтылы болуына бақылауды жүзеге асырады, ал қажет жағдайда субъектілерге практикалық көмек көрсетеді.

Есептік жылдың соңында сақталу мерзімдері аяқталған қылмыстық істер бойынша карточкалар Комитеттің аумақтық басқармасының басшысы бекіткен

акт бойынша жойылуға жатады.

139. Іс жүргізу құжатының электрондық нұсқасы бар файлды салу ұлттық қауіпсіздік органдары үшін міндетті болып табылмайды.

140. Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарылған материалдарды есепке алу журналын бастау аудандық, қалалық, облыстық және оларға теңестірілген субъектілер тарапынан жүргізуге жатады.

Қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғасы қылмыстық іс қозғаудан бас тарту материалын тіркегеннен кейін, материалды сәйкес карточканы қоя отырып, қабылдаған шешімнің негізділігін айқындау үшін қадағалаушы прокурорға жолдайды.

ЖКО деректері бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының көшірмесін әкімшілік хаттаманы құру үшін және материалды сотқа жолдау үшін, қадағалаушы прокурорға тиісті құжаттардың көшірмелерін жібере отырып жиырма төрт сағаттың ішінде жол полициясы бөлімшесіне жолдайды.

141. Прокурор кейіннен қылмыстық іс қозғай отырып не материалды қосымша тергеуге жолдай отырып, қылмыстық істі қозғау туралы қаулының күшін жойған жағдайда, прокурор қабылдаған шешім туралы субъектіге жазбаша түрде хабарлайды. Қылмыстық қудалау органы және прокуратура органы қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының күшін жойған кезде, бас тарту материалдарын есепке алу журналына белгі қойылады.

Прокурор қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулымен келіскен жағдайда, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы материалдарды ведомстволық мұрағатқа сақтау үшін субъектіге жолдайды.

142. Басқармалардың аудандық және оған теңестірілген өкілдіктерінде электрондық нысанда карточка негізінде анықталған қылмыстар, оларды жасаған адамдар, қылмыстық істердің нөмірі, олар бойынша қозғалыс және сотта қарау нәтижелері тіркелетін қылмыстық істерді, қылмыстарды және оларды жасаған адамдарды Бірыңғай есепке алу журналы жүргізіледі. Әр онкүндік сайын ондағы ақпарат шығарылады және жеке нарядта сақталады.

Бірыңғай журнал басқармалардың тергеу, анықтау органдарының, соттардың және прокурорлардың қылмыстық істер бойынша іс жүргізу шешімдерінің және карточкаларды ұсынудың уақтылы болуына бақылауды жүзеге асыру үшін негіз ретінде қызмет етеді және ББСЖ-дан бағандардың мазмұнына сәйкес және карточкалардың мәліметтеріне толық сәйкестікте таңдалады.

143. Субъект қысқартқан қылмыстық істі беру, мұрағаттық қылмыстық істерді сақтау және жою тәртібі «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мұрағат жұмысы бөлімшелерінің қысқартылған қылмыстық істерді және прокуратура органдарының қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулылары





8.6. Жасы: 5 жасқа дейін (98), 5-14 жас (01), 15-17 жас (02), 18-24 жас (03), 25-29 жас (04), 30-34 жас (05), 35-44 жас (06), 45-54 жас (07), 55-64 жас (08), 65-74 жас (09), 75 жас және одан үлкен (10), белгісіз (99). Азаматтығы: Қазақстан Республикасының азаматы (бұдан әрі – ҚР) (11), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (бұдан әрі – ТМД) азаматы (12), азаматтығы жоқ адам (13), шетелдік азамат (14), оралман (15), белгісіз (16). Күйде: сау күйде (21), алкогольдік мас күйде (22), есірткілік (23), уытқұмарлық мас күйде (24), жүйке жүйесінің өзге де ауруы жағдайының салдарынан (25), белгісіз (26). Кәмелетке толмаған тәрбиеленді: толық отбасыда (31), толық емес отбасыда (32), басқа жағдайлар (33), қамқоршыда (37), балалар үйінде (интернатта) (38). Отбасының материалдық ауқаттылығы: ауқатты отбасыда (34), ауқаттылығы орташа-материалдық отбасыда (35), ауқаттылығы төмен отбасыда (36). Жұмыс түрі: офицерлер (41), әскери қызметкерлер: шақыру бойынша (42), келісім-шарт бойынша (43), түзету мекемесінде қылмыстық жазаны өтеуші адамдар (44), тергеу изоляторында қамаудағы адамдар (45). Жасалу орны: далада (50), тұрғын жайда (51), оқу орнында (52), жұмыс орнында (53), емдеу мекемесінде (54), қызмет орнында (55), жертөледе (56), орман, ағаш егу, саябақ (гүл бағы) (57), жағажай, су қоймасы (58), бос кеңістік, аңғар (59), басқа (60). Суицидтік мінез-құлыққа дейін болып өткен факторлар: жалғыздық (аластату сезімімен) (61), ауыр материалдық жағдай (банкроттық, қарыздар) (62), қолайсыз тұрғын-үй жағдайлары (63), даулы қарым-қатынастар: туыстармен (64), жұбайымен (65), ата-анасымен (66), оқу (жұмыс) орны бойынша (67), отбасы қарым-қатынастарының үзілуі (ажырасу) (68), орынсыз жүктілік (69), ауыр соматикалық аурулар (70), жақын адамын жоғалту (қайтыс болу) (71), әлеуметтік мәртебесін (абыройын) жоғалту (72), жазадан, масқарадан қорқынып (қылмыстық жауапкершілік) (73), бопсалаушылық (74), этникалық (75), белгіленбеген (76), басқа (77). Суицидті жасау әдісі: асылып қалу (81), қолданумен: оқ ататын қаруды (82), панышқылы-кесетін заттарды (83), көлікті (84), улану: тағамдық (85), дәрілік препараттармен (86), тұншықтырғыш газбен (87), улы химикаттармен (88), мөлшерін шамадан артық қолдану: есірткі заттарын, есустандырғыш заттарын және прекурсорларды (89), келесілердің нәтижесінде алынған жарақаттар: биіктіктен құлау (90), электр тоғынан зақымдану (91), өзін-өзі өртеу (92), сұға бату (93), басқа (94). 9. Оқиғаның ( жағдайдың) сипаттамасы (әдісі, сипаты, күні, уақыты, нұқсан сомасы мың теңгемен) 20 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ уақыты \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ минут \_\_\_\_\_

Сезікті адамдар туралы деректер (ерекше белгілер, автокөлік, қарудың болуы) \_\_\_\_\_

#### 9.1. Ақшалай қаражат алып қойылды (жасанды)

Валюта	Номиналы	Сериясы мен нөмірі	Саны
<b>КРИМИНАЛДЫҚ СИПАТТАҒЫ БЕЛГІЛЕРІ БАР ӨТІНІШ, ХАБАРЛАМА ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР</b> Өтініш, хабарлама жасырылған деп танылды 10. Есепке алудан жасырылған өтінішті анықтады: қылмыстық қудалау органы (1), қадағалаушы прокурор (2), уәкілетті прокурор (3), арнайы прокурор (4), уәкілетті және қадағалаушы прокурорлармен бірлесіп (5). 10.1. Өтінішті есепке алудан жасырған орган: _____			
_____ түскен	_____ қылмыстық	_____ қудалау	_____ органы:

11.2. Шығыс нөмірі № \_\_\_\_\_ 20 жылғы « \_\_\_\_\_ »  
 12. ӨАЕК-те тіркеу нөмірі № \_\_\_\_\_ 20 жылғы « \_\_\_\_\_ »  
 13. Қылмысты алдын-ала саралау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің \_\_\_\_\_ бабы \_\_\_\_\_ бөлігі \_\_\_\_\_ тармағы. 14. Қосымша белгілер: өзіне өзі қол жұмсау (суицид) (01), сапасыз азық-түліктен улану (02), ұрлау: мал (03), түсті металл (04), жаңа егін өнімін (05), жүктерді (08), қозғалмалы құрам бөлшектерін (09), байланыс

құралдарын (10), үй құстарын (11), автокөлік құралдарын (12), пәтерден (13), қалталардан (14), автокөлік құралдарын айдап әкету (15), тонау: бас киімдерді (16), сөмкелерді (17); танылмаған мәйіт (06), зорлап өлтірудің белгілері жоқ мәйіт (07), хабар-ошарсыз жоғалғандарды тіркеу (18), ұрып-соғу (19); қирату немесе пломбаларды бұзу іздерін табу (20); автокөлік агрегаттарының (қозғалтқыштарының) нөмірлерін өзгерту (21); өрт (22), жазатайым оқиға (23), дәрі-дәрмек заттардан улану (24); алкогольден улану (25); құқық қорғау органының қызметкері жасаған (26), құқық қорғау органының қызметкеріне қатысты жасалған (27), экстремистік сипаттағы (28), адам саудасы (29), сыбайлас жемқорлық (30), өзіне өзі қол жұмсау әрекеті (31). 15. Көрген адамдар, іздер бар: қылмысты (оқиғаны) көрген адамдар (01), қолдың іздері (02), аяқ киімнің іздері (03), бұзу құралдарының іздері (04), көліктің ізі (05); топырақ-ботаникалық микрообъектілер (06), биологиялық микрообъектілер (07), физика-химиялық микрообъектілер (08), жарылғыш-техникалық микрообъектілер (09); атыс қаруының оқтары және гильзалары 10), жарылыс өнімдері (11). 16. Анықталған немесе ұсталған тұлғалардың саны (1) \_\_\_\_\_, олардың ішінде әйелдер (2) \_\_\_\_\_, кәмелетке толмағандар (3) \_\_\_\_\_, шетелдіктер (соның ішінде ТМД азаматтары) (4) \_\_\_\_\_.

17.1. – 17.3. Т.А.Ә.

17.4. Туған күні

17.5. Кезекші тәулікте анықталды (1), ҚДЖК 132-бабы бойынша кезекші тәулікте ұсталды (2)

Жасау орны туралы мәлімет 18. Жасау орны \_\_\_\_\_

көшесі \_\_\_\_\_ үй \_\_\_\_\_ корпус \_\_\_\_\_ пәтер \_\_\_\_\_

Жедел топ туралы мәліметтер 19. Оқиға болған жерге бару: кезекші бөлім (01), тергеу (02), соның ішінде экономика саласындағы қылмыстардың желісі бойынша (03), анықтау (04), криминалдық полиция (05), учаскелік инспекторлардың қызметі (06), сараптама-криминалдық бөлім (07), жол полициясы (08), потрульдік-бекеттік наряд (09), әскери бөлім (10), медициналық айықтырғыш (11), «СҰҢҚАР» арнайы бөлімшесі (13), мемлекеттік күзет қызметі (14), жедел-техникалық қызмет (15), арнайы полиция (16), «Арлан» арнайы бөлімшесі (17), Жедел әрекет етуші арнайы отряд (18), инженерлік-техникалық (саперлік) бөлімше (19), бөлімше: экстремизмге қарсы күрес (21), ҰҚК органдарының бөлімшелері (23), Мемлекеттік күзет қызметінің бөлімшелері (26), прокурор (25), арайы прокурор (27). 20. Қарау кімге тапсырылды: \_\_\_\_\_

(лауазымы, Т.А.Ә.) 20.1. Қызмет: (19-деректемеден) \_\_\_\_\_

21. Лауазымды тұлға (жедел кезекші) \_\_\_\_\_

20 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ Өзге де белгілер \_\_\_\_\_

Ескертпе: толтырылғаннан кейін карточка ресми статистикалық құжат болып табылады. Оған қол қойған тұлғалар көрінеу жалған деректерді енгізгені үшін заңда белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

Қылмыстар, оқиғалар  
туралы өтініштерді,  
хабарламаларды,

шағымдарды және өзге де ақпаратты, қылмыстық істерді, оларды тергеу және прокурорлық қадағалау нәтижелерін бірыңғай, соның ішінде электрондық форматта карточкалық есепке алуды жүргізу жөніндегі Нұсқаулыққа 2-қосымша 3С-2 нысаны

## Қылмыс, оқиға туралы тіркелген өтініш, хабарлама және өзге ақпарат бойынша шешімді есепке алу карточкасы

(Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды және өзге де ақпаратты тіркеуді Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды және өзге де ақпаратты есепке алу кітабында (бұдан әрі - ӨАЕК) өтініштер мен хабарламаларды тіркеуді жүзеге асыратын органның лауазымды тұлғасы кезекші тәулікте толтыруы тиіс) 1. Тіркеген орган \_\_\_\_\_

( а т а у ы )

2. Қылмыс (оқиға) туралы өтініштің, хабарламаның нөмірі № \_\_\_\_\_ күні 20 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

3. Карточканы тіркеген қызметкер \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.) мен қолы)

3.1. Карточканың ҚСЖАЕКБ-ға келіп түскен күні 20 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

4. Қылмыс туралы өтініш, хабарлама бойынша шешім қабылданды: дерек расталмады (1), әкімшілік құқық бұзушылық (2), өтініште, хабарламада криминалдық сипаттағы белгілер бар (3);

4.1. істерге шығарылған өтініштердің ішінен жасырылғандары анықталды: әкімшілік құқық бұзушылық ( 0 1 ) , қ ы л м ы с ( 0 2 ) .

5. Хабарлама қызметкердің баянаты бойынша іске шығарылды \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ күні 20 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

( н о м е н к л а т у р а л ы қ \_\_\_\_\_ і с т і ң )

5.1. № \_\_\_\_\_ әкімшілік хаттама құрылды күні 20 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

5.2. \_\_\_\_\_ ӘҚБтК бойынша саралау \_\_\_\_\_

6. 3С-2 нысанды карточка бойынша шешім қабылдаған қызметкер \_\_\_\_\_

КРИМИНАЛДЫҚ СИПАТТАҒЫ БЕЛГІЛЕРІ БАР ӨТІНІШІ, ХАБАРЛАМА ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАРАУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР 7. Қылмысты саралау ҚР ҚК \_\_\_\_\_ бабы (бұдан әрі – бб.) \_\_\_\_\_ бөлігі (бұдан әрі – б.) \_\_\_\_\_ тармағы (бұдан әрі – т.)

7.1. қылмыстың санаты: ауыр емес (1), ауырлығы орташа (2), ауыр (3), аса ауыр (4).

7.2. қылмыс: жалпықылмыстық (1), экономикалық (2), өзге (4).

7.3. қосымша белгілер: өзіне өзі қол жұмсау (суицид) (01), әрекет ету (02);

8. Белгіленген нұқсан мөлшері \_\_\_\_\_ мың теңге, олардың ішінен өтелгені \_\_\_\_\_ мың теңге;

мемлекетке келтірілген нұқсан \_\_\_\_\_мың теңге;  
заңды тұлғаларға келтірілген нұқсан \_\_\_\_\_мың теңге;  
жеке тұлғаларға келтірілген нұқсан \_\_\_\_\_мың теңге;  
өтелген нұқсан сомасы \_\_\_\_\_мың теңге;  
мемлекетке өтелген нұқсан \_\_\_\_\_мың теңге;  
заңды тұлғаға өтелген нұқсан \_\_\_\_\_мың теңге;  
жеке тұлғаға өтелген нұқсан \_\_\_\_\_мың теңге;

**КРИМИНАЛДЫҚ СИПАТТАҒЫ БЕЛГІЛЕРІ БАР ӨТІНШІТІ (ХАБАРЛАМАНЫ) ҚАРАУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР** 9. Қарау мерзімі ұзартылды: 10 тәулікке дейін (1), 2 айға дейін (2); ұзарту күні 20 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

9.1. тергеуде болуы бойынша жолданған материалды қайтарғаннан кейін өндіріске қайтадан қабылдау (1). шығыс нөмірі (бұдан әрі – шығ. №) \_\_\_\_\_ күні 20 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

9.2. хабар-ошарсыз жоғалған адамға қатысты немесе танылмаған мәйіттің жеке басын анықтау бойынша іздеу ісі қозғалды

№ \_\_\_\_\_ күні 20 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

10. Шешім қабылданды: қылмыстық іс қозғау туралы (01); қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы (02); берілді: тергеуде болуы бойынша (03); соттылығы бойынша (04); ӨАЕК-ке біріктірілді (05), сотқа дейінгі оңтайландырылған іс жүргізу нысанында (бұдан әрі –СДОДЖ (06), қылмыстық іс материалдарына қатыстырылды (07);

10.1. ӨАЕК-те бұрын тіркелген материалдың № \_\_\_\_\_ ӨАЕК-те тіркелген күні 20 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

10.2. қылмыстық істің нөмірі (бұдан әрі – ҚІ) № \_\_\_\_\_

10.3. бас тарту материалының нөмірі № \_\_\_\_\_

бас тарту негіздері: ҚР ҚДЖК 37-66.1-6.1-т. (11), ҚР ҚДЖК 37-66.1-6.2-т. (12), ҚР ҚДЖК 37-66.1-6.3-т. (13), ҚР ҚДЖК 37-66.1-6.4-т. (14), ҚР ҚДЖК 37-66.1-6.5-т. (15), ҚР ҚДЖК 37-66.1-6.6-т. (16), ҚР ҚДЖК 37-66.1-6.7-т. (17), ҚР ҚДЖК 37-66.1-6.8-т. (18), ҚР ҚДЖК 37-66.1-6.9-т. (19), ҚР ҚДЖК 37-66.1-6.10-т. (20), ҚР ҚДЖК 37-66.1-6.11-т. (21), ҚР ҚДЖК 37-66.1-6.12-т. - ҚК 65-66. (22), ҚР ҚДЖК 37-66.1-6.12-т. – ҚР ҚК 67-66. 1-б. (24), ҚР ҚДЖК 38-66.1-б. – ҚР ҚК 67-66. 2-4 б. (26), соның ішінде медиация тәртібінде (46). қылмыстық іс қозғаудан бас тартылғаннан кейін әкімшілік материал мамандандырылған сотқа жолданды: шығ.№ \_\_\_\_\_ күні 20 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

10.4. ҚР ҚДЖК 185-66. 1-б. 3-т. тәртібінде тергеуде болуы бойынша органға берілді \_\_\_\_\_

Шығ.№ \_\_\_\_\_ күні 20 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

10.5. Шешімнің қабылданған күні 20 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

10.6. Шешімді қабылдаған: прокурор (01), арнайы прокурор (21), Ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ПО) тергеушісі (02), ПО штаттық анықтаушысы (03), учаскелік инспектор (04), Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – ҰҚК) тергеушісі (05), ҰҚК анықтаушысы (06), ЭҚЖСЖҚКА органдарының тергеушісі (07), ЭҚЖСЖҚКА органдарының штаттық анықтаушысы (08), анықтау функциясы берілген ЭҚЖСЖҚКА органдарының қызметкері (09), кеден анықтаушысы (10), ПМ ТЖ (11), анықтау функциясы берілген ТЖМ қызметкері (30); түзету мекемесінің анықтаушысы (12), әскери-тергеу басқармасының анықтаушысы (13), ПМ әскери полициясының анықтаушысы (14), Қорғаныс министрлігінің әскери полициясының анықтаушысы (15), әскери бөлім командирі (16), әскери қарсы барлау органдары (17), ҰҚК Шекара қызметінің анықтаушысы (18), сот (19), ҰҚК әскери полициясының анықтаушысы (20), бөлімшелердің жедел уәкілеттілігі бар қызметкерлері: есірткі бизнесіне қарсы күрес бойынша (22), криминалдық полиция (24), көпші-қон полициясы (23), кәмеелетке толмағандардың істері бойынша топтар (25), табиғатты қорғау қызметі (26), өзіндік қауіпсіздік (27), жол полициясы (28), ПО өзге де қызметкерлері (29), бөлімшелердің қызметкерлері: ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бойынша (31), қоғамдық қауіпсіздікті қорғау (32), сыртқы барлау саласында уәкілетті орган, ҰҚК лауазымды тұлғасы (33), анықтау функциясы берілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкері (34), экстремизммен күрес бойынша бөлімшелердің қызметкерлері (35), МҚІжСЖҚІА сотқа дейінгі тергеу бойынша қызметкері (36), ҚМ МКК экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметкері (37).

Шешімді қабылдаған лауазымды тұлға \_\_\_\_\_ 20 ж. « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

— — — —

ҚІ ҚОЗҒАУДАН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫҢ КҮШІН ЖОЮ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ 11.  
Прокурор: ҚІ қозғай отырып ҚІ қозғаудан бас тарту туралы қаулының күшін жойды (1), соның ішінде қылмыстық қудалау органының бастамасы бойынша (2), ҚІ қозғаудан бас тарту туралы қаулының күші материалдарды сотқа қосымша тексеру жүргізу үшін жолдай отырып жойылды (3), оңалтпайтын негіздер бойынша ҚІ қозғаудан бас тарту туралы қаулының күші жойылды және оңалтатын негіздер бойынша ҚІ қозғаудан бас тартылды (4), оңалтпайтын негіздер бойынша ҚІ қозғаудан бас тарту туралы қаулының күші жойылды және қылмыстық іс қозғалды (5).  
ҚІ № \_\_\_\_\_

Күшін жою күні 20\_\_ жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Материал қылмыстық қудалау органына келіп түскен күн 20\_\_ жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Прокурор \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Өзге де белгілер \_\_\_\_\_

Ескертпе: толтырылғаннан кейін карточка ресми статистикалық құжат болып табылады. Оған қол қойған тұлғалар көрінеу жалған деректерді енгізгені үшін заңда белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты, қылмыстық істерді, оларды тергеу және прокурорлық қадағалау нәтижелерін бірыңғай, соның ішінде электрондық форматта карточкалық есепке алуды жүргізу жөніндегі Нұсқаулыққа 3-қосымша 1.0 нысаны

## Қылмысты есепке алу карточкасы

1. \_\_\_\_\_  
(қылмыстық істі (бұдан әрі – ҚІ) қозғаған органның атауы)
2. ҚІ қозғаған қызмет: тергеу (1), анықтау (2), сотқа дейінгі оңтайландырылған іс жүргізу (бұдан әрі – СДОІЖ) тергеу (6), СДОІЖ анықтау (7).
3. ҚІ нөмірі \_\_\_\_\_ қозғалған күні « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 ж.

4. Қылмыс жасалған аудан (гарнизон, көлікте) \_\_\_\_\_

5. Әскери бөлімнің нөмірі \_\_\_\_\_

6. Статистикалық есепке алу түрі: есепке алу (1), алып тастау (2).

9. Карточканың ҚСЖАЕКБ-ға келіп түскен күні « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 ж.

ҚСЖАЕКБ қызметкері \_\_\_\_\_

10. Қылмыстық істі қозғады: прокурор (01), ішкі істер органдарының тергеушісі (бұдан әрі – ПО) (02), ПО штаттағы анықтаушысы (03), учаскелік инспектор (04), ҰҚК органдарының тергеушісі (05), ҰҚК органдарының анықтаушысы (06), Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі органдарының тергеушісі (бұдан әрі – ЭҚСЖҚКА) (07), ЭҚСЖҚКА органдарының штаттағы анықтаушысы (08), анықтау функциясы берілген ЭҚСЖҚКА органдарының қызметкері (09), МҚІжСЖҚІА сотқа дейінгі тергеу бойынша қызметкері (24), ҚМ МКК экономикалық тергеу қызметі органдарының қызметкері (25), ҚМ МКК кедендік қызмет анықтаушысы (26), түзету мекемелерінің анықтаушысы (бұдан әрі – ТМ) (12), Ішкі істер министрлігі әскери-тергеу басқармасының (бұдан әрі – ПМ ӘТБ) анықтаушысы (13), ПМ әскери полициясының (бұдан әрі – ӘП) анықтаушысы (14), Қорғаныс министрлігінің ӘП (бұдан әрі – ҚМ ӘП) анықтаушысы (15), әскери бөлім (бұдан әрі – ӘБ) командирі (16), әскери қарсы барлау органдары (17), ҰҚК ӘП анықтаушысы (18), сот (19), ҰҚК Шекара қызметі органдарының (бұдан әрі – ШҚ) анықтаушысы (20), арнайы прокурор (21), орган сыртқы барлау саласында уәкілеттілік берген ҰҚК лауазымды тұлғасы (22), анықтау функциясы берілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкері (23).

10.1. мынадай нәтижелер бойынша қозғалды: қылмыстық іс қозғаудан (бұдан әрі – ҚІК) бас тарту туралы қаулының күшін жою (01), соның ішінде (бұдан әрі – с.і.) сот тарапынан Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚІЖК) 109-бабының (бұдан әрі – бб.) тәртібінде (13), № \_\_\_\_\_ күні « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж., бас тарту туралы шешім қабылдаған органның атауы \_\_\_\_\_, бас тарту туралы шешім қабылдаған қызмет: тергеу (1), анықтау (2), бұрын тіркелмеген материал бойынша (02), тергеу барысында анықталды (03), қылмысқа қатысты № \_\_\_\_\_ істен бөліп шығарылды (04), адамға қатысты (05), ҚР ҚІЖК 394-бб. 1-бөлігі (бұдан әрі - б.) 3-тармағына (бұдан әрі - т.) бойынша орган тарапынан жеке айыптау ісі бойынша (06), материалды қосымша тексеруге жолдағаннан кейін (07), ақталмайтын негіздер бойынша ҚІК бас тартылды (08), с.і. ҚР ҚІЖК 37- бб. 1-б. 3-т. бойынша ҚІК бас тартылды (09), әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықтарды қадағалау желісі бойынша тексерулер (10), әкімшілік өндірісті негізсіз қозғау (11), жеке айыптаулар бойынша материалдарды сотқа заңсыз жөнелту (12), мемлекеттік орган өз қызметкеріне қатысты жүргізген тексерулер нәтижелері бойынша (14).

10.2. есепке алудан жасырылған қылмысты анықтаған: ҚСЖАЕКБ қызметкері (1), прокурор (2), сот (3), ведомстволық жолмен (4), ҚСЖАЕКБ және прокуратура қызметкерлерімен бірлесіп (6), ҚСЖАЕКБ қызметкерлерімен бірлесіп және ведомстволық жолмен (7).

қылмыс есепке алудан мынадай жолмен жасырылды: ақталатын негіздер бойынша ҚІ қозғаудан негізсіз бас тарту (08), ӘАЕК-ке тіркемеу (02), әкімшілік өндірісті негізсіз қозғау (04), қылмыс туралы хабарламаны өзге қылмыстық іске (материалға) негізсіз біріктіру (12), номенклатуралық іске негізсіз шығару (09), тергеуде болуы (соттылығы) іс жүзінде жолдаусыз ӘАЕК-те белгілеу (10), бұрын тіркелген қылмыстық іске (материалға) іс жүзінде біріктірілуі  
Ө А Е К - т е б е л г і л е у ( 1 1 )

қылмысты жасырған орган \_\_\_\_\_

10.3 қылмыс бірлескен жұмыс нәтижесінде айқындалды: ҰҚК (1), ПМ (2), КБК (3), ЭҚСЖҚКА (4), ҰҚК ШҚ (5), ҚАЖ (10), өзгелермен (6), арнайы прокурормен (7), ҰҚК, орган сыртқы барлау саласында уәкілеттілік берген тұлғамен (8), Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметімен (9), ҚМ МКК (10), МҚІжСЖҚІА (11).

11. Қылмыс туралы өтініштің, хабарламаның нөмірі және оның ӘАЕК-те тіркелген күні.

№ \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 ж

(өтінішті (хабарламаны) тіркеген органның атауы)

12. Қылмыстың сипаттамасы (қылмыс жасау тәсілі, орны, сипаты, күні, уақыты (сағаты), материалдық нұқсанның мөлшері мың тенгеде) « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 ж. « \_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_ мин.»

Нұқсан \_\_\_\_\_ мың тенге

12.1 Қылмыс: айқын (01), айқын емес (02).

13. Сезіктің тег, аты, әкесінің аты, туған күні, жұмыс орны, Анықтамалық бойынша лауазымы код (14-деректемеден)

